**Андатпа.** Мақалада күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында әртүрлі күріш сорттарының тұқымын өндіруде көшеттерді гидропоника тәсілімен өсіріп, көшеттеп егу әдісін қолдануды зерттеу нәтижелері жөніндегі мәліметтер келтірілген. Зерттеу жұмыстары Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тұқым шаруашылығы бөлімінің зертханасы мен Қарауылтөбе тәжірибе учаскесінде жүргізілді. Бастапқы тұқым шаруашылығында көшеттеп өсіру әдісін қолданғанда жаңадан шыққан перспективті және пайдалануға рұқсат етілген күріш сорттарын өндіріске енгізу мерзімін 2-3 жылға қысқартып, жоғары репродукциялы тұқымды қызыл дәнділіктен 100 пайызға дейін тазартуға, әрі күріш өндірушілердің сапалы тұқымға деген сұраныстарын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, көшеттеу әдісі арқылы отырғызылған күріш сорттарының өсімдіктері жығылуға, төгілуге және саңырауқұлақ ауруларына да төзімді болып келеді. Көшеттеу әдісінде ең жоғары өнімділік күріштің Лидер сортында (94,2 ц/га) байқалды, одан кейінгі орындарды АйКерім (81,5 ц/га) және Сыр Сұлуы (78,9 ц/га) сорттары иемденді. Бақылау нұсқаларымен салыстырғанда, қосымша өнім Лидер сортында – 47,7 ц/га (179,4%), АйКерім сортында – 23,3 ц/га (140,0%) және Сыр Сұлуы сортында – 31,3 ц/га (169,8%) тең болды.

**Тірек сөздер:** күріш, сорт, тұқым шаруашылығы, көшеттеу әдісі, гидропоника, өнімділік

**Кіріспе.** Күріш дүние жүзінің 116 мемлекетінде әртүрлі жағдайларда: тау шатқалының террасаларында, арнайы күріш жүйелері жасалған тегіс жерлерде және шамадан тыс көп жауын-шашынның арқасында су деңгейі 6-7 м дейін жететін ойпат жерлерде өсіріледі [1]. Күріш шаруашылығының тиімділігін арттыруға су тапшылығы жағдайында егіс көлемін азайтып, өсіру технологиясын жетілдірген жағдайда оның өнімділігін көбейту арқылы қол жеткізуге болады. Дүние жүзінде күріш өсірудің негізгі екі технологиясы қолданылады: көшеттеп егу және тұқымын атызға сеуіп егу.

Қазақстан Республикасында күріш Қызылорда, Түркістан, Алматы және Жетісу облыстарында өсіріледі. Оның ішінде егіс көлемі мен жалпы өнімі жөнінен Қызылорда облысы негізгі аймақ болып саналады [2]. Бұл жерлерде күріш инженерлік жүйелер жасалған кезден бастап жалпы қабылданған, кейін аздаған өзгерістерге ұшыраған технология бойынша өсіріледі [3]. Аталған технологияның ерекшелігі сол, себуге дайындау кезіндегі барлық жұмыстар мен тұқымды тікелей себу жұмысы құрғақта жүргізіледі. Бұл жағдайда көптеген энергетикалық және материалдық ресурстар жұмсалады. Дегенмен, әлемдік күріш өсіру тәжірибесінде күрішті көшеттеп егу әдісі басым [4].

Күрішті көшеттеп өсіру әдісінің Қиыр Шығыс пен Шығыс Азияның кейбір дамыған елдерінде кеңінен таралуының себебі, жергілікті тұрғындардың күріш өсіру дәстүрін сақтауға айрықша мән беруінде және олардың күріш өндірісінің тиімділігін барынша тау шатқалының дамадан тыс көп жерлерде өсіріледі. көшеттеп егу және арттыруға ұмтылысына байланысты. Жоғары агротехника жағдайында бұл елдерде күрішті көшеттеп

өсіру өзін толық ақтап шықты.

Кәдімгі технологияға қарағанда күрішті көшеттеп өсірудің бірқатар артықшылықтары бар, олар:

- тұқымды питомникке, не жылыжайға ерте себетін болғандықтан өсу дәуірін тиімді пайдалануға жағдай туады;

- өніп-өсу кезіндегі қолайсыз жағдайларға төзімді, мықты, ауырмаған күріш өсімдіктер өсіруге мүмкіндік береді;

- тұқым мен су үнемді пайдаланылады;

- көшетті аз көлемді питомниктерде өсіру күрішке, әсіресе жас кезінде, көп қауіп туғызатын түрлі зиянкестер мен ауруларға қарсы күресті жеңілдетіп, оның тиімділігін арттырады;

- күріш егістігінде күтіп-баптау, арам шөбін отау, т.б.жұмыстарды жүргізуге қолайлы жағдай туғызады;

- күріштің қызыл дәнді т.б.түрлерінің алдын ала суға бастырылған атыздарда шыққан көгі көшет отырғызылғанға дейін толығымен жойылады.

Өткен ғасырдың аяғына таман күрішті көшеттеп егу әдісін зерттеу жұмыстары Өзбекстан және Қазақстанда да жүргізіле бастады [4, 5].

Күрішті көшеттеп өсіруді Қызылорда облысы жағдайында үлкен көлемде пайдалану әзірге ертерек деп есептейміз. Өйткені, бұл әдісті қолдану кезінде көптеген жұмыс қолы және материалдық шығын қажет болады. Сонымен қатар, көшет отырғызу кезінде кейбір жылдары ауа райының қолайсыз болуы да кедергілер келтіреді.

Тұқым шаруашылығы – өсімдік шаруашылығының ең маңызды құрамдық бөлігіне жатады. Өсімдік шаруашылығының, оның ішінде күріш дақылының өнімділігін арттырудағы оның рөлі еш күмән тудырмайды және ол уақытпен дәлелденген [6]. Жоғары сапалы тұқым өндіру әрқашан басымдылықта болады және ол еліміздің азық-түлік қауіпсіздігімен тығыз байланыста.

Тұқым шаруашылығының негізгі мақсаты сорттық немесе будандық тұқымды олардың сорттық тазалығын, биологиялық және өнімділік қасиеттерін сақтай отырып жаппай көбейту болып табылады [7]. Күріш өсіретін барлық аймақтарда күріштің қызыл дәнді түрлері егістікті ластандыратын өте зиянды күріш түрлеріне жатады және олар күріш шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіреді [8]. Сондықтан бастапқы тұқым шаруашылығында қызыл дәнді түрлермен күреске баса назар аудару қажет [9, 10].

Дегенмен, көшеттеп өсіру әдісін тұқым шаруашылығында, оның ішінде бастапқы тұқым шаруашылығында қолдану өте тиімді болады. Себебі сорт жаңарту және сорт алмастыру жұмыстарының баяу жүргізуінің басты себептерінің бірі жаңадан шыққан сорттардың алғашқы кездегі тұқымының тапшылығы оларды тез арада көбейтуге кедергі келтіреді. Көшеттеп өсіру әдісін бастапқы тұқым шаруашылығында, оның ішінде ұрпақты сынау және көбейту питомниктерінде қолдану арқылы бұл мәселені түбегейлі шешуге болады [11]. Бастапқы тұқым шаруашылығында күрішті көбейтудің көшеттеп егу әдісін қолдану, тұқымдық материалды 4-5 есе үнемдеуге, күріштің қызыл дәнді түрлерімен тиімді күресуге және суғаруға жұмсалатын су шығынын 20%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары гидропоника, яғни, өсімдіктерді топырақсыз өсіру әдісі жиі қолданыла бастады. Онда өсімдік барлық қоректік заттарды ерітіндіден қажетті мөлшерде және дәл пропорцияда алады, ал оны топырақта өсіру кезінде жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл әдіс жасыл гидропоникалық жемді өсіруде [12], жабық топырақта және жылыжайларда көкөністер өндіруде [13], сонымен қатар, гидропоникалық әдіспен өсірілген экологиялық таза шөп жамылғысын алу кезінде кеңінен қолданылады [14].

Күрішті көшеттеп өсіру әдісіндегі ең күрделі және көп қол жұмысын қажет ететін кезеңі - ол көшет өсіру және оларды отырғызу кезеңдері болып табылады. Кейінгі кезде көшет өсіруде қолданыла бастаған «гидропоника» әдісі бұл мәселені шешуде біршама артықшылықтар әкелді. Сондықтан, күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында

көшеттеп өсіру әдісін енгізу тиімді.


Алайда, күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында көшеттеп егу әдісін гидропоника негізінде қолдану жөнінде зерттеулер осы кезге дейін толық жүргізілмеген.

Осыған байланысты, күріш шаруашылығында сорт алмастыру және сорт жаңарту жұмыстарын жеделдетіп, өндіріске жаңа жоғары өнімді сорттарды енгізу және олардың сапалы тұқымымен қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылы 019 бюджеттік бағдарлама аясында «Б.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Тараз қаласындағы «КазГидропоника» ЖШС-мен бірлесе отырып, жергілікті Сыр Сұлуы сортын гидропоника тәсілін қолданып өсіру бойынша біршама тәжірибе жинақтады [15].

Ал, 2021 жылы Б. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтында кіші габаритті гидропондық қондырғы орнатылды. Сол жылдан бастап, ғылыми-техникалық бағдарлама аясында «Гидропоника негізінде күріштің қызыл дәнді формаларымен күресу және тұқымды жылдам көбейту үшін көшеттен өсіру әдісін әзірлеу» тақырыбы бойынша күріштің пайдалануға рұқсат етілген АйКерім, Лидер және Сыр Сұлуы сорттарының көшеттерін гидропондық әдіспен өсіріп, көшеттеп егу бойынша зерттеулер жүргізілуде [16].

Жұмыс 2021-2023 жылдарға арналған 267 «Білім мен ғылыми зерттеулердің қолжетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 101 «Ғылыми зерттеулер мен іс-шараларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру» бағдарламасы бойынша IRN BR10765056, «Өсімдіктердің биотехнология-генетика-физиология-биохимия жетістіктері негізінде дәнді дақылдардың Қазақстанның әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарында тұрақты өнім алу үшін жоғары өнімді сорттар мен будандар жасау» ғылыми-техникалық бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

**Зерттеу әдістері.** Жоба аясында зерттеу нысаны ретінде вегетациялық кезеңдері әртүрлі АйКерім, Сыр Сұлуы және Лидер сорттары алынды. Әр өсімдіктен (ізден) 80 дәннен іріктеп алынып, ұзындығы 30 см, ені мен биіктігі 3 см болатын 2/3 көлеміне дейін субстрат ретінде көшет өсіруге арналған әмбебап топырақпен толтырылған пластикалық тақтайшаларға себілді және дәндердің беті топырақпен жұкалап жабылды.



**1-3 – суреттер – Арнайы пластикалық ыдыстарға тұқым отырғызу, гидропондық қондырғыда және жарығы мол бөлмеде көшеттерді өсіру**

Бұл тақтайшалар көлемі 60×40×7 см келетін арнайы ыдыстарға (поддондарға) 21 данадан орналастырылды. Әр сорт бойынша 7 ыдыс пайдаланылды, яғни 147 (7×21 дана) ізден тұқым себілді (1-3-суреттер).

Бұл ыдыстар гидропондық қондырғының ішіне 3 деңгейлі сөрелерге әр сорт 7 ыдысқа орналастырылып, көшеттер өсіріле бастады. Дәндердің өнгіштігін және көшеттердің атызға отырғызғанға дейінгі өміршеңдігін анықтау үшін әр ыдыстың 3

тақтайшасындағы өскіндер саны және 15-күндік өсімдіктер биіктігі анықталды.

Далалық жағдайға неғұрлым бейімделген көшеттер алу үшін гидропондық қондырғыда 10 күн өсіргеннен кейін көшеттер күн жарығы мол түсетін, жақсы желдетілетін кең бөлмеге ауыстырылды. Содан кейін АйКерім, Лидер және Сыр Сұлуы сорттарының, тиісінше, 15, 16 және 17-күндік көшеттері алдын-ала суға бастырылған атызға ұзындығы 3 м қатарларға, қатар аралығын 0,3 м, көшет аралығын 10 см етіп, әр ұяға 2 көшеттен отырғызылды.



4 – сурет – Көшеттерді су бастырылған атызға отырғызу

Вегетация кезеңінде фенологиялық бақылаулар, егістікті күтіп баптау (арамшөптерден, қызыл дәнді және басқа күріш түрлерінен тазарту, минералды тыңайтқыштармен үстеп қоректендіру) жұмыстары атқарылды. Жинар алдында 50×50 см (0,25 м<sup>2</sup>) метрлікті қолданып, өсімдік тығыздығы анықталды, сонымен қатар, егістіктер жығылуға, төгілуге және саңырауқұлақ ауруларына төзімділігі бойынша 9-баллдық өлшеммен бағаланды. Биометриялық талдау үшін әр сорттан 30 өсімдік түбімен алынды. Егістік қолдап жиналып, әр сорттың өнімділігі өсімдіктерді тікелей молотилкамен бастырып, дәндердің салмағын өлшеу арқылы анықталды.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеу нәтижелері бойынша гидропондық қондырғыда гидрогельді қолдану арқасында себілген дәндердің жылжуы шектеліп, ондағы көшеттердің біркелкі орналасуы қамтамасыз етілді. Көшеттеп өсірген өсімдіктердің өнімділігі күріш сорттарының вегетациялық кезеңіне, өнімділік әлеуетіне, өсімдіктердің архитектуралық ерекшеліктері мен олардың қоректену ауданына тікелей байланысты екенін көрсетті (1-кесте).

1-кесте – Суға бастырылған күріш атызына көшеттегенге дейін өсірілген күріш сорттарының 15-күндік көшеттерінің өнгіштігі, өміршеңдігі және биіктігі, 2022 ж.

Сорт атауы	Тәжірибе нұсқасы	1 ізден алынған дәндер саны, дана	1 ізден шыққан тұқымның шығымдылығы		Көшеттердің немесе өсімдіктердің өміршеңдігі		15-күндік көшеттің биіктігі, см
			көшеттердің және өскіндердің саны, дана	көшеттер немесе өнген дәндер, %	сақталған өсімдіктердің саны, дана	сақталған өсімдіктер, %	
1	2	3	4	5	6	7	8
Ай Керім	көшеттеу	80	64	80,0	61	95,3	27,0
	бақылау	360	72	20,0	68	94,4	11,0
Лидер	көшеттеу	80	67	83,8	63	94,0	22,5
	бақылау	315	58	18,4	54	94,7	8,0
Сыр Сұлуы	көшеттеу	80	66	82,5	62	93,9	24,5
	бақылау	280	62	22,1	58	93,5	8,5

Тәжірибе нәтижелері бойынша гидропоникалық қондырғыда өсірілген көшеттердің өнгіштігі бойынша Лидер және Сыр Сұлуы сорттарының көрсеткіштері шамалас болды (83,8 және 82,5%), ал АйКерім сортының көрсеткіші 80,0%-ға тең болды (1-кесте). Атызға отырғызар алдындағы көшеттердің өміршеңдігі бойынша барлық сорттардың көрсеткіштері шамалас болды (93,9 – 95,3%). Қолданыстағы әдіспен өсірілген өсімдіктер мен тәжірибе нұсқаларындағы көшеттердің өміршеңдігі бойынша көрсеткіштері де деңгейлес болды (93,5-95,3%).

15-күндік көшеттердің биіктігі бойынша АйКерім сорты (27,0 см) көзге түсті. Лидер сортының көшеттері, салыстырмалы түрде, аласа (22,5 см), ал Сыр Сұлуы сортынікі – орташа (24,5 см) болды.



**5-сурет – Көшеттегі егілген күріш сорттарының бас алып, қамырлану кезеңіндегі көрінісі**

Жинауға дейін сақталған өсімдіктер өміршеңдігі бойынша тәжірибе нұсқаларының көрсеткіштері бақылау нұсқаларымен салыстырғанда 61,5-64,0 %-ға жоғары болды (2-кесте). Фенологиялық бақылау нәтижелері бойынша, қолданыстағы әдіспен салыстырғанда, тәжірибе нұсқаларында вегетациялық кезеңдер ұзақтығы 12-13 күнге қысқа болды. Көшеттеп егілген үш сорттың да өсімдіктерінің жығылуға (9 балл), төгілуге (7-9 балл) және саңырауқұлақ ауруларына (0-3 балл) төзімділігі жоғары болды. Ең жоғары өнімділік Лидер сортында (94,2 ц/га) байқалды, одан кейінгі орындарды, тиісінше, АйКерім (81,5 ц/га) және Сыр Сұлуы (78,9 ц/га) сорттары иеленді.

Бұл жағдайда тәжірибе нұсқаларындағы өнімділік, бақылау нұсқаларымен салыстырғанда: Лидер сортында – 47,7 ц/га (179,4%), Сыр Сұлуы сортында – 31,3 ц/га (169,8%) және АйКерім сортында – 23,3 ц/га (140,0%) артық болды.

**2-кесте – Гидропоника тәсілін қолданып, ұрпақты сынау питомниктерінде көшеттеп егілген күріш сорттарының кейбір сандық көрсеткіштері мен өнімділігі, 2022 ж.**

Сорттың атауы	Өсіру әдісі	Өсімдіктер саны, дана/м <sup>2</sup>		Өсімдіктің өміршеңдігі, %	Вегетациялық кезеңі, күн	Төзімділік, балл			Өнімділік		
		көшеттелген немесе себілген дәннен шыққан	жинауға дейін сақталғаны			жығылуға	төгілуге	ауруларға	ц/га	қосымша өнім	
										ц/га	%
<b>1</b>	<b>2</b>	<b>3</b>	<b>4</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>7</b>	<b>8</b>	<b>9</b>	<b>10</b>	<b>11</b>	<b>12</b>
Лидер	көшеттеу	63	58	92,0	106	9	9	3	94,2	41,7	179,4
	құрғаққа дәнмен себу	118	36	30,5	118	9	9	3	52,5	-	100,0



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Сыр Сұлуы	көшеттеу	62	59	95,2	94	9	7	0	78,9	32,3	169,3
	құрғаққа дәнмен себу	128	42	32,8	106	9	7	1	46,6	-	100,0
АйКерім	көшеттеу	61	56	91,8	103	9	9	2	81,5	23,3	140,0
	құрғаққа дәнмен себу	112	31	27,8	116	9	9	3	58,2	-	100,0
НСР <sub>05</sub>					4,8						



**6 – сурет. Өнімді жинау жұмыстары**

Зерттеу нәтижелері бойынша, қолданыстағы әдіспен салыстырғанда, күрішті көшеттеп өсіргенде гектарына 200 кг күріш тұқымы 6-10 мың текше метр су, құны 20000 теңге тұратын 1,2 л/га гербицид үнемделетіні дәлелденді (3-кесте).

Сонымен қатар, күріштің өсу дәуірінің 12-13 күнге қысқарып, өнімділігі 40-79 %-ға дейін артатынын көрсетті.

**3-кесте. Күрішті қолданыстағы және көшеттеп егу әдістерінің көрсеткіштері, 2022 ж.**

Көрсеткіштер	Күрішті егу әдістері		Айырмасы
	қолданыстағы	көшеттеу	
Жұмсалған күріш тұқымы, кг/га	250	50	200
Жұмсалған су, мың.м <sup>3</sup>	26-30	20-24	6-10
Өсу дәуірі, күн	105-115	93-102	12-13
Егістің арамшөптермен ластануы, дана/м <sup>2</sup>	21-30	3-5	18-25
Жұмсалған гербицид құны, теңге/га	20000	-	20000
Күріштің өнімділігі, т/га	4,6-5,8	8,0-9,4	2,3-4,2

Тәжірибе нәтижелері көшет өсіруге жұмсалатын тұқымның көбею коэффициентін 50-ге дейін көтеруге, соның нәтижесінде тұқымның себу нормасын дәстүрлі әдіспен салыстырғанда кемінде 4-5 есеге дейін азайтуға болатынын көрсетті.

Көшет отырғызу кезінде атыздағы дәнмен сеуіп егілген өсімдіктердің өсіп, тамырлануы нәтижесінде және көшет отырғызылатын орынның алдын-ала арамшөптер мен күріштің қызыл дәнді және басқа түрлерінен тазартылуына байланысты күріштің сорттық тазалығын 100%-ға жеткізуге мүмкіндік туады.

**Қорытынды.** Күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында гидропоника тәсілін пайдаланып, көшеттеп өсіру әдісін қолдану арқылы көбею коэффициентін 50-ге дейін көтеру

нәтижесінде тұқымның себу нормасын 4-5 есеге азайтуға, көшет өсіруге жұмсалатын судың өте аздығына байланысты суғару суын 15-20 %-ға дейін үнемдеуге, вегетация кезеңін 12-13 күнге қысқартуға, тұқымдық егістің сорттық тазалығын 100 %-ға жеткізуге және күріштің өнімділігін 40-79 %-ға дейін арттыруға болатынын көрсетті.

#### Әдебиеттер:

[1] **Зеленский, Г.Л.**, Зеленская О.В. Рис: от растения до генетического продукта. Монография/ Краснодар, КубГАУ, 2022. – 211 с.

[2] **Бакирулы, К.**, Умирзаков С.И., Токтамысов А.М., Абдывалиева К.С., Акылбаев К.И. Рекомендации по формированию сортимента риса в различных зонах и массовых рисосеяния Республики Казахстан, Кызылорда, 2017 – с.4.

[3] **Жайлыбай, К.Н.** Күріш егіншілігі және экология . Алматы: Арна, 2006. 182 б.

[4] **Карлыханов, Т.К.**, Бакирулы К., Шермагамбетов К. Технология пересадочной культуры риса в условиях Казахстанского Приаралья //Рекомендауции. – Кызылорда, 2005. – 12 с.

[5] **Рахимов, Г.Р.**, Шакиров А.А., Тилавов У.Х. Технология выращивания риса рассадным методом в условиях Узбекистана // Рекомендации. – Ташкент, 1998. – 10с.

[6] Стратегия развития семеноводческой отрасли Республики Казахстан на 2023-2033 годы (проект), МСХ РК, Астана, 2021.

[7] **Бәкірұлы, Қ.**, Өмірзақов С.Ы., Пашкенов О., Ибраев Х.А. Күріштің элита тұқымын өндіру жөнінде ұсынымдар, Кызылорда, 2014, - 23 б.

[8] **Апрод, А.И.**, Зинник А.Н., Гненная В.В. Комплексная система эффективных мер борьбы с красnozернами формами риса. Краснодар, 1986 – с. 3.

[9] **Верещагин, Г.А.** Исходный материал для селекции риса в условиях Кызылординской области: Автореф. канд. дис. – Л., 1978 – 24с.

[10] **Наталин, Н.Б.** Рисоводства. – М. Колос, 1973 – с.112.

[11] **Бакирулы, К.**, Абдывалиева К.С., Ботаев С., Курбанбаев А.И., Баимбетова Г.З. Рекомендации по внедрению в первичное семеноводство риса рассадного метода возделывания с использованием гидропонии, Кызылорда, 2020 – 9 с.

[12] Заявка на изобретение. Россия, МПК А31G. Способ выращивания зеленых гидропонных кормов с использованием пептидов/Иордан А.Г. – № 2004130 958 Заявлено 22.10.2004; опубл. 10.04.2006.

[13] Заявка на изобретение. Россия, МПК А01С 1/00. Способ выращивания зеленых гидропонных кормов с использованием наноматериалов // Мирошников С.А., Дускаев Г.К., Инчагова К.С., Докина Н.Н., Рогачев Б.Г., Павлов Л.Н. - № 2016 139 064 Заявлено 04. 10. 2016; опубл. 04.04. 2018 Бюл. № 10.

[14] Заявка на изобретение. Россия, МПК А01С 1/00, В82В 1/00. Способ подкормки растений в теплицах с многоярусными узкостеллажными гидропонными установками и устройство для его осуществления / Мирошников С.А., Сизова Т.Н., Дерябина Т.Д., Докина Н.Н., Рогачев Б.Г., Павлов Л.Н. - № 2015 145 502 Заявлено 22.10.2015; опубл. 27. 04. 2017 Бюл. № 12.

[15] **Дүйсембеков, Б.Ә.**, Бәкірұлы Қ., Шермагамбетов К., т.б. Күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында гидропоника тәсілін қолданып, көшеттеп өсіру әдісін енгізу жөнінде ұсынымдар, Кызылорда, 2020. – 10 б.

[16] **Бәкірұлы, Қ.**, Жалбыров А.Е., Таңатаров Д.Е. Күріштің бастапқы тұқым шаруашылығында гидропоника негізінде көшеттеп өсіру әдісін қолдану // Международная научно-практическая конференция на тему «Адаптация растениеводства к условиям глобального изменения климата: проблемы и пути решения» Алматыбақ, 24-25 июня, 2022 г.

#### References:

[1] **Zelenskij, G.L.**, Zelenskaya O.V. Ris: ot rasteniya do geneticheskogo produkta. Monografiya/ Krasnodar, KubGAU, 2022. – 211 s.

[2] **Bakiruly, K.**, Umirzakov S.I., Toktamysov A.M., Abdyvalieva K.S., Akylbaev K.I. Rekomendacii po formirovaniyu sortimenta risa v razlichnyh zonah i massovyh risoseyaniya Respubliki Kazahstan, Kyzylorda, 2017 – s.4.

[3] **ZHajlybaj, K.N.** Kүrish eginshiligi zhәне ekologiya . Almaty: Arna, 2006. 182 b.

[4] **Karlyhanov, T.K.**, Bakiruly K., SHermagambetov K. Tekhnologiya peresadochnoj kul'tury

риса в условиях Казахского Приарала //Рекомендации. – Кызылорда, 2005. – 12 с.

[5] **Rahimov, G.R.**, SHakirov A.A., Tilavov U.H. Tekhnologiya vyrashchivaniya risa rassadnym metodom v usloviyah Uzbekstana // Rekomendacii. – Tashkent,1998. – 10s.

[6] Strategiya razvitiya semenovodcheskoj otrasli Respubliki Kazahstan na 2023-2033 gody (proekt), MSKH RK, Astana, 2021.

[7] **Bakiruly, K.**, Umirzakov S.I., Pashkenov O., Ibraev H.A. Kyrishtin elita tuqymyn ondiru zhoninde usynymdar, Kyzylorda, 2014, - 23 b.

[8] **Aprod, A.I.**, Zinnik A.N., Gnennaya V.V. Kompleksnaya sistema effektivnyh mer bor'by s krasnozernami formami risa. Krasnodar, 1986 – s. 3.

[9] **Vereshchagin, G.A.** Iskhodnyj material dlya selekcii risa v usloviyah Kyzylordinskoj oblasti: Avtoref. kand. dis. – L., 1978- 24s.

[10] **Natalin, N.B.** Risovodstva. – M. Kolos, 1973 – s.26.

[11] Bakiruly K., Abdyvalieva K.S., Botaev S., Kurbanbaev A.I., Baimbetova G.Z. Rekomendacii po vnedreniyu v pervichnoe semenovodstvo risa rassadnogo metoda vzdelyvaniya s ispol'zovaniem gidroponiki, Kyzylorda, 2020 – 9 s.

[12] Zayavka na izobretenie. Rossiya, MPK A31G. Sposob vyrashivaniya zelenyh gidroponnyh kormov s ispol'zovaniem peptidov / Jordan A.G. - № 2004130 958 Zayavleno 22.10.2004; opubl. 10.04.2006.

[13] Zayavka na izobretenie. Rossiya, MPK A01S 1/00. Sposob vyrashivaniya zelenyh gidroponnyh kormov s ispol'zovaniem nanomaterialov // Miroshnikov S.A.,Duskaev G.K., Inchagova K.S., Dokina N.N., Rogachev B.G., Pavlov L.N. - № 2016 139 064 Zayavleno 04. 10. 2016; opubl. 04.04. 2018 Byul. № 10.

[14] Zayavka na izobretenie. Rossiya, MPK A01S 1/00, V82V 1/00. Sposob podkormki rastenij v teplicah s mnogoyarusnymi uzkostellazhnymi gidroponnymi ustanovkami i ustrojstvo dlya ego osushchestvleniya / Miroshnikov S.A., Sizova T.N., Deryabina T.D., Dokina N.N., Rogachev B.G., Pavlov L.N. - № 2015 145 502 Zayavleno 22.10.2015; opubl. 27. 04. 2017 Byul. № 12.

[15] **Duisembekov, B.A.**, Bakiruly K., SHermagambetov K., t.b. Kurishtin bastapqy tuqym sharuashylygynda gidroponika tasilin qoldanyp, koshettep osiru adisin engizu zhoninde usynymdar, Kyzylorda, 2020. – 10 b.

[16] **Bakiruly, K.**, Zhalbyrov A.E., Tanatarov D.E. Kurishtin bastapqy tuqym sharuashylygynda gidroponika negizinde koshettep osiru adisan qoldanu // Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya na temu «Adaptaciya rastenievodstva k usloviyam global'nogo izmeneniya klimata: problemy i puti resheniya» Almalybaq, 24-25 iyunya, 2022 g.

## **ПРИМЕНЕНИЕ РАССАДНОГО МЕТОДА ВЫРАЩИВАНИЯ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ГИДРОПОНИКИ В ПЕРВИЧНОМ СЕМЕНОВОДСТВЕ РИСА**

**Бәкірұлы Қ.**, доктор сельскохозяйственных наук, член-корр. АСХН РК

**Жалбыров А.Е.**, магистр сельскохозяйственных наук

**Өтебай Қ.**, магистр сельскохозяйственных наук

**Пржанова И.**, младший научный сотрудник

*Казахский научно-исследовательский институт рисоводства им. И. Жахаева  
г. Кызылорда, Казахстан*

**Аннотация.** В статье приведены результаты исследований по применению рассадного метода, в первичном семеноводстве различных сортов риса с использованием гидропонного способа выращивания рассад. Научно-исследовательские работы проводили в лаборатории семеноводства и Караултюбинском опытном участке Казахского научно-исследовательского института рисоводства им. И. Жахаева. Применение рассадного метода в первичном семеноводстве, позволяет сократить сроки внедрения в производство вновь созданных перспективных и разращенных к использованию сортов риса на 2-3 года, довести чистоту семян высших репродукции от краснозерных форм до 100%, а также полностью удовлетворить потребность рисопроизводителей на качественные семена риса. Кроме того, растения сортов риса, посаженные методом рассадного посева, также устойчивы к падению, осыпанию и грибковым заболеваниям. При рассадном методе самая высокая урожайность получена у сорта риса Лидер (94,2 ц/га), за ним идет сорта АйКерим (81,5 ц/га) и Сыр Сулуы (78,9 ц/га). Прибавка урожая, по

сравнению с контрольными вариантами, составила: у сорта Лидер – 47,7 ц/га (179,4%), у сорта АйКерим – 23,3 ц/га (140,0%) и у сорта Сыр Сулуы – 31,3 ц/га (169,8%).

**Ключевые слова:** рис, сорт, семеноводство, рассадный метод, гидропоника, урожайность

## **APPLICATION OF SEEDLING METHOD OF CULTIVATION USING HYDROPONICS IN PRIMARY RICE SEED PRODUCTION**

**Bakiruly K.**, doctor of agricultural sciences, member-correspondent Academy of Agricultural Sciences of the Republic of Kazakhstan

**Zhalbyrov A.**, master of agricultural sciences

**Utebai K.**, master of agricultural sciences

**Przhanova I.** Junior Researcher

*Kazakh Scientific Research Institute of Rice Growing named after I. Zhakhaev  
Kyzylorda city, Kazakhstan*

**Annotation.** The article presents the results of research on the use of the seedling method in the primary seed production of various varieties of rice using the hydroponic method of growing seedlings. Research work was carried out in the laboratory of seed production and the Karaultobe experimental site of the Kazakh Research Institute of Rice growing named after. I. Zhakhaeva. The use of the seedling method in primary seed production makes it possible to reduce the time for the introduction of newly created promising and approved rice varieties into production by 2-3 years, to bring the purity of seeds of higher reproduction from red-grain forms to 100%, and also to fully satisfy the need of rice producers for high-quality rice seeds. In addition, plants of rice varieties planted by seedling sowing are also resistant to falling, shedding and fungal diseases. With the seedling method, the highest yield was obtained for the Leader rice variety (94.2 c/ha), followed by AyKerim (81.5 c/ha) and Syr Suluy (78.9 c/ha). The increase in yield, compared with the control options, was: for the Leader variety - 47.7 centners/ha (179.4%), for the AyKerim variety - 23.3 centners/ha (140.0%) and for the Syr Suluy variety - 31.3 c/ha (169.8%).

**Keywords:** rice, variety, seed production, seedling method, hydroponics, yield

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АУМАҒЫНДАҒЫ ТАБИҒИ ШӨЛ ЖАЙЫЛЫМДАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

**Ибадуллаева С.Ж.**<sup>1</sup>, биология ғылымдарының докторы, профессор  
salt\_i@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-8902-9042>

**Ибрагимов Т.С.**<sup>2</sup>, биология ғылымдарының кандидаты  
ecopastbish@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0001-8902-9042>

**Исаев Е.Б.**<sup>2</sup>, биология ғылымдарының кандидаты  
erzhanisaev@mail.ru <https://orcid.org/0000-0001-7536-5643>

**Тоқтағанова Г.Б.**<sup>1</sup>, PhD  
gulzhas@mail.ru. <https://orcid.org/0000-0002-9191-9703>

<sup>1</sup>*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан*  
<sup>2</sup>*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ, Қазақстан*

**Андатпа.** Мақалада Қазақстанның шөл аймақтарындағы табиғи жайылымдардың физико-географиялық және топырақ климаттық ерекшеліктеріне қарай үш аймақаралықтарға бөліну ерекшеліктері мен ондағы табиғи жайылымдарды ұтымды пайдалану жолдары қаралды. Қазіргі таңдағы басты мәселе осы әр бір аймақаралықтарда таралған табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі ерекшелігі яғни жергілікті жердің физико-географиялық, топырақ климаттық ерекшеліктеріне бейімделген өсімдіктердің түрін, сұрыптарын егу арқылы және мәдени екпе жайылымдарды жасауда түрлі агротехникалық іс-шараларды дұрыс қолдану мен малды жайылымда жаиуда жайылым ауысу жүйесін дұрыс пайдалануда ғылыми негізделген әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асыру тақырыптың өзектілігін ашады. Зерттеудің мақсаты: Қазақстанның оңтүстік шөл аймақтарындағы табиғи шөл жайылымдарын жақсарту. Жайылымды ауыспалы жайылым, немесе малды танаптарда кезекпен бағу арқылы жайылымды ауыспалы жүйеге алмастыру жерді тиімді пайдаланудың негізгі көзі болып табылады. Бұл өз кезегінде жайылымды жерлерді алма кезек демалдырып, кезекпен пайдалану, егістік алқаптар мен жайылымдық жерлерге демалыс беру арқылы пайдалану мерзімдерін алмастыру немесе мал жаюды шөп шабумен кезек алмастырып отыру арқылы жайылымдақ жерлерді жақсартуға болады. Негізінен Қазақстанның оңтүстігіндегі шөлді аймақтарда төрт танапты ауыспалы мал жайылымдық енгізу тиімді. Оның бір ерекшелігі мал жайылымдық жерлер жыл бойы бір рет пайдаланылады, әрі өрістер саны 30-33 болса дұрыс болар еді. Табиғи жайылымдардың шығымдылығын арттыруда мәдени өсімдіктердің түрін және сұрыптарын егу мезгілі мен егу мөлшерін білудің оны ерекше. Себу мерзімдері бойынша қуаңшылыққа төзімді малазықтық дақылдардың ең жақсы өсуі мен дамуы желтоқсан кезеңін береді және 5 - ші жылы қара сексеуілде – 136,4 см, жүзінде – 112,6, изенде – 85,0 см, және терескенде – 85,1 см құрады. Оңтайлы себу мерзімдері (желтоқсан), тұқым себу нормалары және жайылымдық агрофитоценоздардағы малазықтық өсімдіктердің арақатынасы, шөл аймағының немесе учаскесінің жайылымдық-малазықтық жағдайларын ескере отырып, егістіктерді дұрыс орналастыру қалыпты тұру тығыздығымен жоғары шөп алуға мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** шөл, аймақаралық, табиғи жайылым, өсімдіктер қауымы, геоботаника

**Кіріспе.** Кеңбайтақ Қазақстан аумағында халықты таза табиғи өнімдермен, өнеркәсіптерді толық шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында, яғни елімізде азық түлік қауіпсіздігін нығайтуда агроөнеркәсіптік кешенді дамыту негізгі мақсат болып отыр. Оған толықтай негіз бар.

Елімізде 187 млн га жайылымдық жер бар. Қазақстанның оңтүстігі Жамбыл, Түркістан және Қызылорда обылысының табиғи жайылымдарының көлемі 28 952,4 га құрап отыр, әрі оның негізгі бөлігін шөл мен шөлейт зонасы алып жатыр [1]. Табиғи мал жайылымдық жерлердің көлемі мол болғанымен олардың негізгі бөлігі тозып, эрозияға ұшырап, өнімнің шығымдылығы мен өнімділігі жыл сайын төмендеуде. Бұл өз кезегінде мал шаруашылығын тұрақты дамытуға кедергісін тигізуде.

Өткен ғасырдың басында елімізде 90 миллионға жуық мал болған, ал қазіргі таңда

мал басының саны 30 миллион шамасында болып отыр, яғни оның ішінде қой ешкі саны 17 миллионға жуық, 6 миллионға жуығы ірі қара мал, 2 миллионға жуығы жылқы болып отыр [2]. Түрлі саяси эканомикалық, әлеуметтік оқиғалардың салдарынан табиғи жайылымдықтарда экологиялық тепе-теңдіктің бұзылу әсері осы күнге дейін жалғасуда.

Шөлді алқаптардың топырақ жамылғысының құнарлылығының төмендегі, құмшауыт жерлердің басымдығымен, қатты өкпек желдердің соғуы және ауа райының құрғақтығы ескерілмей, ысырапсыз пайдаланудан жайылымдық жерлер өнімділігі азайып тозу үстінде [3]. Нәтижесінде Қазақстанның оңтүстік аймағында тозған жайылымдық жерлердің үлесі Жамбыл облысында 1267,2 га, Түркістан облысында 1339,9 га және Қызылорда облысында 2151,7 га жетіп отыр [1]. Сонымен қатар, соңғы жылдары қалыптасқан климаттық жағдайлар (дауыл, құрғақшылық, шөлдену) табиғи жайылымдарды ұтымды пайдалануға кедергі келтіруде. Сонымен қатар, өсімдік жамылғысының сиреуіне де өз ықпалын тигізуде. Соңғы жылдардағы қуаңшылық жұртшылыққа зор әсерін тигізді [4]. Жауын-шашынның өте аз түсу салдарынан Қазақстанның оңтүстігінде тараған өсімдік қауымдастықтарының төмендеп, жемшөптің өте аз болуынан мал түрлерінің көптеп қырылғандығы белгілі. Сондай ақ 2021 жылдың қараша айында болған қатты шаңды дауыл. Оңтүстік батыстан тұрған бұл желдің әсері Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Өзбекстан Республикасының Джизак, Навой, Бухара және Самарқанд облыстарында қатты жылдамдықпен тұрып қоршаған орта мен адамзатқа кері әсерін тигізді [5]. Қатты тұрған дауылдан шөлді аймақтың топырақ бетіндегі шаң-тозаң мен құм бөлшектері ауаға көтеріліп шаң бұлт түзген. Көлік жүргізушілері 1-2 метрден еш нәрсе көре алмай қалғаны, шаңды дауыл мен тұман атмосфералық ауанының көтерілуін нашарлатқан. Жалпы гидромет бақылау мекемелерінің мұндай құбылыстың соңғы 150 жыл аралығында болмағанын айтуда [6]. Міне осындай жағдайларды көре отыра біз алдын алу іс-шараларын жасауымыз қажет. Ол деген шөл және шөлейт аймақтарда бос жатқан жерлерде қуаңшылыққа төзімді өсімдіктердің түрлері мен сұрыптарын егу, орман жолақтарын, жайылым жолақтарын жасау, мәдени екпе жайылымдар жасау жұмыстарын шұғыл түрде жасауымыз қажет.

Соңғы уақытта, жайылым шаруашылығына дұрыс мән бермеу белең алып отыр. Жемшөп өндірісінде табиғи жайылымдарды тиімді пайдалануда ауыспалы жайылым жүйесі, қуаң аймақтың тұқым шаруашылығы және мәдени екпе жайылымдықтар жасау жұмыстары жүргізілмеуде. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың үкіметтің кеңейтілген отырысында елімізде жайылымдық жерлердің 36 пайызы ғана мал шаруашылығы үшін пайдаланылады ал, қалған 64 пайызы бос жатыр деп мәләм етті. Осыған байланысты табиғи жайылымдық жерлерді табиғи климаттық жағдайларына байланысты тиімді және ұтымды пайдалану мәселесі кезек күттірмейтін шаруа. Биылғы жылдың қыркүйек айында Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың кезекті Қазақстан халқына жолдауында ауылшаруашылығы саласындағы жайылымдық жерлер туралы ерекше атап өтті. Онда жайылымдық жерлердің игерілмей жатқан жерлерді қайтарып алу жөніндегі комиссияның қызметіне тоқталып, игерілмей жатқан және заңсыз берілген жерлердің көлемін айтып, үкімет пен әкімдіктерге келесі жылдың соңына дейін жерлерге қатысты нақты шешімдер шығаруды тапсырды. Сонымен қатар жолдауда субсидия мәселесі мен ауылшаруашылығындағы түрлі ғылыми жетістіктер мен ғылыми ұсыныстарды өндіріске ендіру түрлі топырақ климаттық ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілуі керек деп атап өтті [7]. Қазақстанның шөл аймақтарындағы табиғи жайылымдар физико-географиялық және топырақ климаттық ерекшеліктеріне қарай үш аймақ аралықтарға бөлінген. Олар Солтүстік шөл аймақаралығы, Орталық шөл аймақаралығы мен Оңтүстік шөл аймақаралығы. Әр бір аймақаралықтың өздеріне тән климаттық ерекшеліктеріне байланысты өсімдік жамылғылары қалыптасқан. Қазіргі таңдағы басты мәселе осы әр бір аймақаралықтарда таралған табиғи жайылымдарды ұтымды пайдаланудың негізгі ерекшелігі яғни жергілікті жердің физико-географиялық, топырақ климаттық ерекшеліктеріне бейімделген өсімдіктердің түрін, сұрыптарын егу арқылы және мәдени

екпе жайылымдарды жасауда түрлі агротехникалық іс-шараларды дұрыс қолдану мен малды жайылымда жаиуда жайылым ауысу жүйесін дұрыс пайдалануда ғылыми негізделген әдіс тәсілдерді пайдалану арқылы жүзеге асыру тақырыптың өзектілігін ашады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Жүргізілген жұмыстың зерттеу аймақтары Қазақстан шөл аумағының оңтүстік аймақаралықтарында таралған табиғи жайылым өсімдіктері.

Зерттеу нысаны: Маңғыстау облысы, Қарақия ауданына қарасты Түйесу құмды массиві. Қызылорда облысы, Жанақорған ауданына қарасты Қумян тәжірибе жайы мен Түркістан облысы, Шардара ауданына қарасты Нәлібай тәжірибе жайындағы фитоценоздар мен түрлі сатыдағы тозған табиғи жайылымдық жерлер алынды.

Жайылым өсімдіктерінің ауысу ерекшеліктерін трансект және антроподинамикалық қатар әдістері арқылы жүргізілді. Геоботаникалық тіркеулер кезінде мынандай нәрселер есепке алынды: Түрдің флоралық құрамы; геоботаникалық жағдайы; ландшафтағы жағдайы (береді); жоспарлы жабыны; фенофазасы; друде молшылығы; өміршендігі; тіршілік формасы; түрлердің жалпы бөліну ерекшелігі; синатроптық түрлерді талдау кіреді [8,9].

Гербарий жинақтау мен оларды кептіру, өңдеу жұмыстарына А.К. Скворцовтың әдістемесі пайдаланылды. Ал, таксондарды анықтауда морфологиялық-географиялық салыстырмалы әдіс қолданылды. Жинақталған өсімдік гербарийіндегі түрлерді анықтап, жүйелеу мен конспектісін тізу үшін «Флора Казахстана», «Сосудистые растения СССР», «Иллюстрированный определитель растений Казахстана» еңбектері пайдаланылды [10,11]. Өсімдіктер жамылғысының түрлері мен туыстарының латынша атаулары С.К.Черепановтың, ал қазақша атаулары С. Арыстанғалиевтің, С. Абдулинаның және Н.Аралбайдың [12,13], еңбектерінен алынды. Тіршілік формаларын талдауда Серебряковтың еңбектері пайдаланылды. Ал, өсімдіктің биоморфологиялық ерекшеліктерін латенттік, виргинильдік және генеративтік өсіп-өну кезеңдерін Т.А.Работнова әдістемесімен анықтадық [14,15].

Зерттеулер кезінде өсімдіктердің ауысу себептерін антроподинамикалық қатар әдістері арқылы байқадық. Онда: мал жайылған кездегі өсімдікке механикалық әсерлер (таптау, жол дигрессиясы) топырақ үстінің бұзылуы, өсімдік сабақтарының сынуы т.б. Торфикалық әсерлер - мал жайылым кезінде қандай өсімдікті көп және аз жеуі, экожүйедегі жайылымның табиғи ескеруі және ауыспалы жайылым ерекшелігі.

Табиғи жайылымдарды тиімді пайдаланудың негізі –ауыспалы жайылымды енгізу, яғни малды маусым бойынша танаптарға кезекпен бағып, алма кезек пайдалану. Ауыспалы пайдалануда міндетті түрде жылдар мен маусымдар бойынша жерді кезекпен пайдалану, танаптар мен өрістерге демалыс беру, пайдалану маусымдарын алмастыру ескерілуі қажет. Табиғи жайылымдардың шығымдылығын арттырудың тиімді жолы жайылым жолақтарын жасау мен мәдени екпе жайылымдықтар жасау болып табылады. Бұл іс-шараны атқаруда агротехникалық ережелерді қатаң сақтау керек [15].

Зерттеу жұмыстары табиғи жайылымды жерлерді жақсартуға арналған әдістемелерді, облыстық ауылшаруашылығы басқармасының статистикалық мәліметтеріне сәйкес жүргізілді.

**Зерттеу нәтижелері.** Жайылым, бұл ауыл шаруашылығы жануарларын жыл бойы немесе маусымдық жаю үшін ауылшаруашылығы мақсатында пайдаланылатын жерлердің құрамындағы жер алаңқайы. Маусымдық жайылымдар дегеніміз - ауыл шаруашылығы жануарларын қолайлы табиғи-климаттық жағдайларда жаю үшін көктемде, жазда, күзде және қыста пайдаланылатын жайылым.

Осы жайылымдық жерлерді табиғи-климаттық жағдайларына байланысты, жоғарыда аталған шаруашылық жануарларын жылдың төрт мезгілінде нәрлі және жұғымды мал азақтарымен қоректенуін қамтамасыз етіп, біріншіден мал шаруашылығын

дамытып, екіншіден малдан алынатын азық-түлікпен халықтың сұранысын қамтамасыз ету мәселесі кезек күттірмес шаруа.

Қазақстан жайылымдардың көлемі бойынша әлемде бесінші орында тұрғанына және жайылымдардың жалпы ауданының елдегі ауыл шаруашылығы жануарларының санына арақатынасы бойынша бірінші орынға ие болғанына қарамастан, мұндай проблема бар.

Қолда бар 187 млн. га жайылымдық алқаптың бүгінгі күні ресми деректерде Қазақстанда барлығы 94,3 млн.га жайылым пайдаланылады, оның 78 пайызы - ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер және 22 пайызы - елді мекендердің жерлері.

Бұл ретте, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде елдегі барлық мал басының үлесі ғана бар. Ал қалған табынның барлығы (45-50%) елді мекендердің маңындағы жайылымдарда ұсталады. Оның үстіне республиканың ауылдық елді мекендері жайылымдармен біркелкі қамтамасыз етілмеген.

Мысалы, Түркістан облысының көптеген аудандарында мал санының көптігінен сыйымдылық жоғары, орташа есеппен 100 га жайылымдық жерге 81 қой басы жайылады екен. Кейбір, Арыс, Отырар аудандарында бұл көрсеткіш оданда жоғары, 100 га жайылымдық жерге 141 ден, 239 бас қойға дейін жайылады. Бұл өз кезегінде жайылымдық жерге салмақтың өте жоғары деңгейден түсуін аңғартады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауда игерілмей жатқан жерлер туралы мәселеге арнайы тоқтап, Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауды тапсырды.

Еліміздің шөл мен шөлейт жерлері ежелгі жер орта облысының Сахара-Гоби аумағында орналасқан. Сахара-Гоби аумағы шағын 3 облысқа бөлінеді: Сахара-Синди, Орта Азиялық, Иран-Тұран болып бөлінеді [15]. Еліміздің шөл мен шөлейт зонасы Иран-Тұран шағын облыс аумағында орналасқан. Жалпы жер кодексіне сәйкес Қазақстан аумағын 10 аймаққа бөлінген (1-ші сурет). Онда шөл аумақтар: Шөл, жартылай шөлейт және субтропикалық шөлдер болып бөлінген. Көлемі жағынан шөл - 112,1 млн га, жартылай шөлейт - 37,2 млн га және субтропикалық шөлдер - 4,4 млн га жерді алып жатыр. Әр облыс өзіне тән флоралармен ерекшелене отырып 3 провинциальдық топ немесе аймақаралыққа бөлінеді: 1) Солтүстік-Тұрандық; 2) Жоңғар-Тұрандық және 3) Оңтүстік-Тұрандық (1-ші кесте).

### 1-кесте – Қазақстанның шөл аймақтарының аймақ және аймақаралық бөлінуі


	Аймақ	Солтүстік аймақаралық	Орталық аймақаралық	Оңтүстік аймақаралық
облыс		Сахара-Гоби шөлі		
шағын облыс		Иран-Тұран шөлі		
провинция тобы	шөл	Солтүстік-Тұрандық	Жоңғар-Тұрандық	Оңтүстік Тұрандық
провинция		1. Солтүстік Каспий және Арал маңы 2. Бетпақдала (Орталық Солтүстік-Тұран)	Балқаш маңы	Каспий-Қызылқұм маңы (Оңтүстік-Тұран)
кіші провинция				

Олар, өзара туыс өсімдіктердің сапалылығы, бағалы өсімдіктердің негізгі түр ерекшеліктерімен, сирек кездесетін туыстық өсімдіктердің эндемикалық түрімен айрықшаланады. Мұндағы, Оңтүстік-Тұрандық шөл аймақаралығына Түркістан облысы, Шардара ауданына қарасты Нәлібай тәжірибе жайы мен Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданына қарасты Қумян тәжірибе жайы және Маңғыстау облысы, Қарақия ауданына қарасты Түйесу құмды массиві кіреді. Қызылқұм мен Түйесу құмның жер бедері жан-жаққа қарай тарамдала орналасқан ірі құм жоталарынан тұрады. Олардың ұзындығы 5-10 км, ені 150-200 м жетеді.



Құмды жоталардың ортасында құрнарлы жерлерге ұқсаған 4-5 км созылған жазықтықты алқаптар кездеседі.

Малды жүйесіз жайғаннан кейбір аймақтарда теңіз деңгейінен 30-40 метр биіктікте пішіні бұзылған құмды барханды рельефт түрлеріне ұқсас төбешіктер кездеседі. Дегенмен бұл алқаптар мал жаюға өте қолайлы аймақтар болып табылады. Сондай-ақ, мұнда кездесетін өсімдіктер жер бедерінің фитоценологиялық ерекшеліктеріне байланысты таралған.



1-сурет – Қазақстанның табиғат аймақтары

Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстігі шұғыл континентальды, қуаңшылықты аумаққа жатқандықтан, мұндағы өсімдік жамылғысы түрлерінің таралуы да тікелей осы факторға байланысты болып отыр. Сонымен қатар, орасан зор үлкен аумақтың гидротермикалық климаттың жағдайы солтүстіктен оңтүстікке немесе батыстан шығысқа қарай өзгеріп отырады. Бұның біріншісі суббореальдық, екіншісі суббореальды-субтропикалық немесе субтропикалыққа ауысады [13].

Солтүстік тұрандық шөлдің климатының параметрлері солтүстіктен оңтүстікке қарай айтарлықтай өзгере отырып, аймақаралық өсімдік қауымының әрі қарай бөлінуіне әсері тиеді. Солтүстік аймақаралық шөлге жауын-шашынның мол түсуі тән (150мм кем емес), қыстың суық шағында қаңтар айының орташа температурасы 14-15 болады. Шілденің орташа температурасы-24 °С.

Оңтүстік тұрандық шөл аймақаралығына қарағанда солтүстік тұрандық шөл аймақаралығы салыстырмалы түрде жылылығымен ерекшеленеді. Мұндағы жиынтық күн радиациясының мөлшері 160 ккал/см өсіп, радиациялық тепе-теңдік 50-60, кей жерлерде 700 ккал/см жетеді. Күн сәулесінің жылдық түсу ұзақтығы 2500-3000 сағат [14]. Орташа жылдық температура Солтүстік Тұранмен салыстырғанда 16 °С жылы, қаңтар айының орташа температурасы 0 °С. Өсу мерзімі 240-270 күнге созылады.

Жауын-шашынның түсу мерзімі Жерорта теңіздік климатқа тән болып келеді, көбнесе қыс-көктем мен күзгі аралықта, яғни желтоқсан-ақпан-сәуір аралығында мол түседі. Жауын-шашынның түсу мөлшері жылына 70-125 мм шамасында. Жаз ортасында түнгі жаңбыр болмайды, биоталық үзіліске әкеліп соғады. Қар жамылғысы болмайды.

Қазақстанның оңтүстік шөлді аймақтарының негізгі өсімдік жамылғысын эфемерлер мен бұталы өсімдіктер құрайды. Көктемде түсетін ылғалдың аздығына байланысты мұндағы өсімдіктердің вегетациялық мерзімі көктемнің аяғында, кейде жаздың басында аяқталады. Мысалы: түйе тікен (*Artemisia spinocarpis*), қалталы ебелек (*Ceratocarpus arenarius*), шөл жауышысы (*Alyssum desertorum*), павлин қызғалтағы (*Paraver proceum*), шығыс мортығы (*Eremopyrum orientall*), түркістан шатыры (*Malkolmia turkistanica*), қоңырбас (*Bromus*), киікоты (*Ziziphora clinopodioides*), жеке жапырақты таспа шөп (*Astragalus filicaulis*), қасқыржем (*Dianthus vesuculosum*), т.б., сонымен қатар бір жылдық өсімдіктерден: саған (*Girgensohnia opostiflora*), сораң (*Horaninovia ulicina*),

хрзоформа (Chrozopora), және т.б. Өсімдіктер жамылғысында вегетациялық мерзімімен және биоморфологиялық құрылымымен ерекшеленетін көпжылдық шөптесін өсімдіктердің, яғни эфемеройдтардың маңызы зор. Мысалы: раң (Carex), пиязшықты қоңырбас (Poa bulbosa), жіңішке жапырақты шырыш (Eremurus stenophullus), қазпияз (Gagea stipitata), қызғалдақтар (Tupula), сарғалдақтар (Ranunculus), көбеңқұйрық (Cousinia), боз (Stipa lessingiana), құртқашаш (Iris soncorica), т.б. Вегетациялық мерзімі ұзақ көп жылдық өсімдіктерден таспашөптерде (Astragalus) кездеседі. Ал төбешік етектерінде ақ және сұр жусандар, ал бұталы және жартылай бұталы өсімдіктерден жүзгін (Callogonum), теріскен (Kraschinikovia ceratoides), шоған (Aellinia subaphulla) тараған. Тұрақты көп жылдық өсімдіктермен бірге бір жылдық арамшөптер: паульсен сораңы (salsola Paulseni), бүрген (Artemisia scoraria), адыраспан (Peganum harmala), есекмия (Gaebelia alopecuroides), аққурай (Heliotropium argusiodes) және т.б. көптеп кездеседі. Зерттеліп отырған аумақта тек өсімдік түрлері ғана емес, өсімдік топтары мен қауымдастықтарыда тараған. Олар мал жайылымдық жерлердің азықтық дәрежесін көтеруде. Дегенмен олардың жылдық өнімділігі төмен. 1,5-3,0 ц/га ғана құрайды. Бұл аумақтағы жайылымдардың басқа мал жайылымдық жерлерден айырмашылығы азықтық өсімдіктерге кедей, көпжылдық өсімдіктердің аз болуы бұл жердің флораға кедей екендігін көрсетеді.

Қазіргі кезде қолайлы пайдаланылмаған жайылымдық жерлерді өндірістік айналымға енгізу үшін сол аландардың шекараларын нақтылап, суаттарды ұйымдастыру мақсатында оларға қажетті қолдағы бар құдықтарды жөндеуден өткізіп, жаңа құдықтар қазып, ол жерлерге орналастырылатын түлік түрлері бойынша жоспарланған мал басын белгілеу жұмыстарын жүргізу, деградацияға қарсы іс-шара жоспарын құрып, қажетті жұмыстарды жүргізу бүгінгі күннің талабы деп ойлаймын.

Жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында ауыспалы жайылым жүйесін ендіру қажет (2-кесте).

## 2-кесте – Құмды алқаптарға арналған ауыспалы жайылым

Пайдалану жылы	Танаптар мен пайдалану айлары			
	I	II	III	IV
Бірінші	сәуір мамыр маусым	қазан қараша желтоқсан	қаңтар ақпан наурыз	шілде тамыз қыркүйек
Екінші	шілде тамыз қыркүйек	сәуір мамыр маусым	қазан қараша желтоқсан	қаңтар ақпан наурыз
Үшінші	қаңтар ақпан наурыз	шілде тамыз қыркүйек	сәуір мамыр маусым	қазан қараша желтоқсан
Төртінші	қазан қараша желтоқсан	Қаңтар ақпан наурыз	шілде тамыз қыркүйек	сәуір мамыр маусым

Жайылымды ауыспалы жайылым, немесе малды танаптарда кезекпен бағу арқылы жайылымды ауыспалы жүйеге алмастыру жерді тиімді пайдаланудың негізгі көзі болып табылады. Бұл өз кезегінде жайылымды жерлерді алма кезек демалдырып, кезекпен пайдалану, егістік алқаптар мен жайылымдық жерлерге демалыс беру арқылы пайдалану мерзімдерін алмастыру немесе мал жаюды шөп шабумен кезек алмастырып отыру арқылы жайылымдақ жерлерді жақсартуға болады.

Облыстағы топырақ жамылғысының ерекшелігі мен өсімдік жамылғысының молдығына байланысты түрлі ауыспалы жайылым жүйесі қолданылады. Құмды алқаптарда төрт танапты ауыспалы жайылымды пайдаланған неғұрлым тиімді. Себебі

танаптағы өрістер жыл бойы бір рет қана пайдаланылады, ондағы өрістердің саны 30-33 болғаны дұрыс.

Ал, жартылай шөлейтті жерлердегі жайылымдар үшін 5 танапты ауыспалы жайылым жүйесін пайдалану ұсынылады (3-кесте).

Мұндағы ауыспалы жайылым жүйесі бойынша бір айналымнан кейін әрбір күзгі танапта шөп егіліп, одан кейін оған демалыс беріледі. Егілген шөп жетілген соң екінші жылы қоңыр күзде аздап мал жаюға болады.

Шөп егілген танаптан басқа танаптардағы жайылымдар жаз бен қыста тұтастай пайдаланылады.

### **3-кесте – Жартылай шөлейт жазықтардағы жайылымдарға арналған ауыспалы жайылым**

Пайдалану жылы	Танаптар мен пайдалану айлары				
	I	II	III	IV	V
Бірінші	көктем күз шөп егу	күз	көктем күз	күз	көктем күз
Екінші	демалыс	көктем күз шөп егу	күз	көктем күз	күз
Үшінші	қоңыр күз	демалыс	көктем күз шөп егу	күз	көктем күз
Төртінші	қоңыр күз	қоңыр күз	демалыс	көктем күз шөп егу	көктем күз
Бесінші	күз	көктем күз	қоңыр күз	демалыс	күз шөп егу

Ауыспалы жайылым жүйелерін пайдалану арқылы малды өрістерде белгілі бір тәртіппен бағу негізінде мал салмағын қосымша 1,5-2 есе арттырып, жайылымды жерлердегі шөптесінді өсімдіктердің шығымдылығын 15-20 пайызға артыруға мүмкіндік береді.

Жайылымды жерлерді әрбір меншік иелері мен мамандар тиімді, ұтымды пайдаланып, еліміздің бір байлығы ретінде ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарауы тиіс. Жалпы, табиғи жайылымды шөптесінді өсімдіктердің шығымдылығын арттырудың ең тиімді жолы жайылымды алқаптарды қорғап, екпе шөптесінді жайылымдық алқаптар жасау болып табылады.

Жалпы, қорғауға алынатын жайылымды алқаптарға бұта тектес өсімдіктері мен қатар раңды және жусанды-раңды жайылымдарды жатқызу қажет. Әсіресе, өнімділігі жоғары, биіктігі 5-7 метр аралығында өсетін сексеуілдің Жансая сортын атауға болады. Себебі Оңтүстік-батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының тәжірибесіне сүйенсек ол гектарына 5 центнерге дейін мал тоятындай шөп береді екен. Оның 100 кг құрғақ шөбінде шамамен 30-40 жем-шөп пен 3-9 кг дейін қорытылатын протеин болады екен.

Сонымен қатар, 1 гектар сексеуіл алқабы 50м<sup>3</sup> дейін отын береді яғни жоғары калориялы отынға жатады.

Екпе жайылымдарды маусымға сәйкес раң, жусанды-раң және сортаң топырақты жайылымдарда, оты сұйыған алқаптарда жүргізуге болады. Екпе жайылымдар шөптің бір түрінен және бірнеше түрімен араластырып егу арқылы жасалады. Бір шөпті екпе жайылымдарға шытыршықты, изенді, теріскенді, шоғанды және жүзгінді жайылымдар жатады. Оның ішінде изенді жайылым – ең бағалы екпе жайылым болып табылады. Себебі, оны малдың барлық түрі жылдың барлық маусымында сүйсініп жейді. Әрі тәжірибе көрсеткендей оның шығымдылығы 10-18 жылға дейін сақталып, түрлеріне байланысты гектарына 10-15 центнер құрғақ өнім алуға болады. Оның құнарлылығы да жоғары, 100 кг құрғақ шөбінде 40-60 кг азық өлшемі мен 6,4-8,1 сіңімді протеин бар. Изенді жайылымды жылдың барлық мезгілінде пайдалануға болады.

Теріскенді жайылым - шығымдылығы 15-25 жылға дейін сақталады. Оның әр гектарынан 10-12 центнер құрғақ шөп алынады. 100 кг құрғақ шөбінде 30-40 кг азық өлшемі мен 5-7 кг сіңімді протеин бар. Оның бір ерекшелігі қыста сабақтары жұмсарып, құндылығы жоғарлайды, әрі тамырының майда болуы құмдардың көшуіне, құмдарды бір-бірімен байланыстыратындығын тәжірибелер дәлелдеп отыр.

Жүзгінді жайлым – ол құм танаптарын бекітуде маңызды рол атқарады. Негізінен көктем мен жазда пайдаданылатын бағалы жайылым. Шығымдылығы 30 жылға созылады. Өнімділігі гектарына 8-13 центнер. Оның жас сабақтары тез дамиды. Мамыр айында ұзындығы 25-45 см дейін жетеді. Жас сабақтарының құрамында 13,7-18,4 пайыз шикі протеин бар. 100 кг құрғақ шөпте 30-70 азықтық өлшемі алынады.

[16] **Басибеков, Б.С.**, Влияние длительности применения фосфорных удобрений на фосфатный режим светло-каштановой почвы и продуктивность сахарной свеклы в травяном звене свекловичного севооборота: Дис. канд. с.-х. наук. Алма-Ата, 1977.

## References:

[1] **Gusev, V.N.**, Suleimenov E.T. Influence of long-term use of fertilizers on the change in the basic elements of effective fertility of irrigated light chestnut soil // *Soil Science and Agrochemistry*, – 2017. – No. 3. s. 57-66.

[2] **Zhaksybayeva, G.**, Balgabayev A., Vassilina T., Shibikeyeva A., Malimbayeva A. Yield of sugar beet and changes in phosphorus fractions in relation to long term P fertilization in chestnut soil of Kazakhstan *Eurasian Journal of Soil Science*. Volume 11, Issue 1, Dec, 2021, Pages 25-32.

[3] **Zheng, Z.**, Simard, R. R., Lafond, J., and Parent, L. E. (2001). Changes in phosphorus fractions of a HumicGelysol as influenced by cropping systems and nutrient sources. *Can. J. Soil Sci.* 81, 175–183. doi: 10.4141/S00-666

[4] **Zhou, Z.**, Zeng, X., Chen, K., Li, Z., Guo, S., Shangguan, Y., et al. (2019). Long-term straw mulch effects on crop yields and soil organic carbon fractions at different depths under a no-till system on the Chengdu Plain, China. *J. Soil Sediment.* 19, 2143–2152. doi: 10.1007/s11368-018

[5] **Zav'yalova, N.E.** Vliyanie dlitel'nogo primeneniya mineral'nyh udobrenij na fosfatnyj rezhim dornovo-podzolistoj tyazhelosuglinistoj pochvy // *Agrohimiya*, – 2015. - №9. – s.33-40.

[6] **Yeleshev, R.Y.**, Malimbayeva A.D., Kaldybayev S., A.Shibikeyeva Influence of long-term use of phosphate fertilizers on accumulation of various forms of phosphates in brown soils and influence of levels of available phosphates on crop yield in crop rotation // *Viosciences Viotechnology Research Asia*, – 2015. Vol. 12(1), r. 111-118 (ISSN 0973-1245, Scopus)

[7] **Yeleshev, R.Y.**, Malimbayeva A.D., Ivanov A.L., Kaldybayev S., A.Shibikeyeva Yield Formation and Consumption of Fertilizers by Cabbage in Long-Term and Systematic Use of Mineral Fertilizers // *Viosciences Viotechnology Research Asia*. – 2014. Vol. 11(3), r.1187-1192 (ISSN 0973-1245, Scopus)

[8] **Amaizah, Nasser** Ramdan Sakmak, Draganb; Saljnikov, Elmirab; Roglis, Gorana; Mrvis, Vesnab; Krgovis, Radab; Manojlovic, Dragan. Fractionation of soil phosphorus in a long-term phosphate

fertilization Journal of the Serbian Chemical Society. Volume 77, Issue 7, 2012 Pages 971 – 981.

[9] **Amaizah, Nasser** Ramdan Sakmak, Draganb; Saljnikov, Elmirab; Roglis, Gorana; Mrvis, Vesnab; Krgovis, Radab; Manojlovic, Dragan. Fractionation of soil phosphorus in a long-term phosphate fertilization Journal of the Serbian Chemical Society. Volume 77, Issue 7, 2012 Pages 971 – 981.

[10] **Ginzburg, K.E.**, 1981. Phosphorus in the of the USSR. Nauka, Moscow. 242p. [in Russian].

[11] GOST 26261-84 Soils. Methods for determining total phosphorus and total potassium. Publishing House of Standards, 1984, p.11.

[12] **Mineev, V.G.** Agrochemistry. Kolos, Moscow, 2004. R.185-188. [in Russian].

[13] **Ginzburg, K.E.**, Lebedeva L.S. Method for determination of mineral forms of phosphates in soils. Agrochemistry, 1971. – No. I. – P. 25-34. [in Russian]

[14] **Anil, A.S.**, Sharma, V.K., Jiménez-Ballesta, R., Parihar, C.M., Datta, S.P., Barman, M., Chobhe, K.A., Kumawat, C., Patra, A., Jatav, S.S. Impact of Long-Term Conservation Agriculture Practices on Phosphorus Dynamics under Maize-Based Cropping Systems in a Sub-Tropical Soil. Land, 2022, 11, 1488. <https://doi.org/10.3390/land11091488>.

[15] **Eleshev, R.E.**, Kaldybaev S., Ajtbaev T.E., Ramazanov S.B. «Optimizaciya fosfornogo rezhima orashaemyh kashtanovyh pochv pod kul'turami sveklovichnogo i ovoshchnogo sevooborotov na yuge-vostoke Kazahstana» (Rekomendaciya) // Almaty, 2014. s.5

[16] **Basibekov, B.S.** Vliyanie dlitel'nosti primeneniya fosfornyh udobrenij na fosfatnyj rezhim svetlo-kashtanovoj pochvy i produktivnost' saharnoj svekly v travyanom zvene sveklovichnogo sevooborota: Dis. kand. s.-h. nauk. Alma-Ata, 1977.

## **ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ DAҚЫЛЫ EГІCТІГІНДЕ ФОСФОР ТЫҢАЙТҚЫШТАРЫН ҰЗАҚ МЕРЗІМДЕ ҚОЛДАНУДАН МИНЕРАЛДЫ ФОСФАТТАРДЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ**

**Малимбаева А.Д.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

**Ошакбаева Ж.О.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

**Шибикеева А.М.**, PhD

**Алимбекова Б.Е.**

*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан*

**Андатпа.** Мақалада алмаспайтын қант қызылшасы дақылы егістігінде фосфор тыңайтқыштарын ұзақ мерзімде 50 жылдан астам уақыт бойы қолданудан, ашық қара қоңыр топырақта фосфат формаларының трансформациялануы және оның бірдей ауыспалы егістік дақылдардың нұсқаларымен салыстырғанда дақыл өнімділігіне әсері туралы зерттеулердің нәтижелері келтірілген. Зерттелген ауыспалы егістерде минералды тыңайтқыштарды, атап айтқанда фосфорды ұзақ және жүйелі түрде қолдану, топырақтағы жалпы фосфордың құрамын арттырады. Сонымен қатар, суармалы қара қоңыр топырақтарындағы минералды фосфордың үлесі органикалық фосфорға қарағанда жоғары. Минералды фосфаттардың фракциялық құрамын анықтау, кальций фосфаттарының жақсы еритін фракцияларының (Ca –PI + Ca –PII) және кальцийдің жоғары негізді фракцияларының (Ca–PIII) құрамы ауыспалы егісте де, қант қызылшасын ұдайы өсіруде де фосфор тыңайтқышының бір және бір жарым еселік нормасын ұзақ және жүйелі қолданудан жоғарылағанын көрсетті. Минералды фосфаттардың фракциялық құрамын күзде анықтау кезінде алғашқы екі фракцияның (Ca –PI + Ca –PII) құрамы төмендегені, ал кальцийдің жоғары негізді фракциясының (Ca–PIII) сандық құрамы ұлғайғаны, фосфаттардың минералды формаларының неғұрлым еритін фракциялары мәдени өсімдіктердің өсіп-өну процесінде пайдаланылғаны анықталды, ал фосфордың минералды формаларының жоғары негізді формаларының ұлғаюы фосфордың еритін формаларының өсімдіктерге қол жеттімді қиын формаларға ауысуы есебінен болды. Зерттелетін топырақтағы бір жарым тотықты фосфаттардың (Al-P және Fe-P) құрамы минералды фосфаттар сомасының 11-12% - нан аспайды. Алюминий мен темір фосфаттарының көп мөлшері топырақтың жоғарғы қабаттарында шоғырланған, төменгі қабатта профиль бойынша олардың мөлшері азаяды.

57 жыл бойы ашық қара-қоңыр топырақтарды 7 танапты қызылша дақылы ауыспалы егістігі және алмаспайтын қант қызылшасы дақылы егістігін қолданғанда топырақтағы фосфор қосылыстарының сапалық және сандық құрамы айтарлықтай өзгереді. Максималды өнімділік

ауыспалы егісте фосфор тыңайтқыштарының бір жарым нормаларын жүйелі түрде қолдану кезінде алынды (1961-1975жж. 484,7 ц және 2012-2014 жж. 478,5 ц/га). Ауыспалы егісте фосфорлы тыңайтқыштардан алынған тамыр жемістердің өнімділігінің өсуі 15 жыл ішінде 215,4-235,4 ц/га және 57 жыл ішінде 350,2-357,9 ц/га құрады.

**Тірек сөздер:** тыңайтқыш, ашық қара қоңыр топырақ, алмаспайтын қант қызылшасы дақылын тұрақты себу, қызылшаның ауыспалы егісі, жылжымалы фосфор.

## **TRANSFORMATION OF MINERAL PHOSPHATES WITH LONG-TERM APPLICATION OF PHOSPHORUS FERTILIZERS ON SUGAR BEET CROPS**

**Malimbayeva A.D.**, candidate of agricultural sciences

**Oshakbaeva Zh.O.**, candidate of agricultural sciences

**Shibikeyeva A.M.**, PhD

**Alimbekova B.E.**

*Kazakh National Agrarian Research University, Almaty city, Kazakhstan*

**Annotation.** The article presents the results of research on the effect of long-term use of phosphorus fertilizers on permanent sugar beet crops for more than 50 years on the transformation of phosphate forms on light chestnut soil and its yield in comparison with identical crop rotation options. Long-term and systematic use of mineral fertilizers, in particular phosphorous fertilizers, in the studied crop rotations increases the content of total phosphorus in the soil. Moreover, the share of mineral phosphorus in irrigated chestnut soils is higher than that of organic phosphorus. Definition of the fractional composition of mineral phosphates showed that the contents of the most soluble fractions of calcium phosphates (Ca -P<sub>I</sub> + Ca -P<sub>II</sub>) and highly basic fraction of calcium (Ca-P<sub>III</sub>) increased from a long and systematic application of single and semi-double standards phosphorus fertilizers in crop rotation and permanent cultivation of sugar beet.

When determining the fractional composition of mineral phosphates in the fall showed that there is a decrease in the content of the first two fractions (Ca -P<sub>I</sub> + Ca P<sub>II</sub>), and the quantitative content of highly basic fraction of calcium (Ca-P<sub>III</sub>) increases, the most soluble fraction of mineral forms of phosphates were used in the growing of cultivated plants, the increase of highly basic forms of the mineral forms of phosphorus occurred due to the transition of soluble forms of phosphorus in remote form for plants. The content of phosphates of one-and-a-half oxides (Al-P and Fe-P) in the studied soils is no more than 11-12% of the total mineral phosphates of the soil. The greatest amount of aluminum and iron phosphates is concentrated in the upper soil horizons, and their amount decreases down the profile.

For 57 years of using light chestnut soil under the crops of the 7-field beet crop rotation and in the permanent sowing of sugar beet, there is a significant change in the qualitative and quantitative composition of phosphorus compounds in the soil. The maximum yield was obtained with the systematic use of one-and-a-half norms of phosphorus fertilizers in the crop rotation (1961-1975, 484,7 c and 2012-2014, 478,5 c / ha). The increase in the yield of root crops from phosphorus fertilizers

**Keywords:** Fertilizer, light chestnut soil, permanent sowing of sugar beet, sugar beet crop rotation, mobile phosphorus.

ҚАЗАҚТЫҢ ЕТТІ-ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫНДАҒЫ СҮЙЕК  
МОРФОГЕНЕТИКАЛЫҚ ПРОТЕИН 15 (*BMP15/FCSX*) ГЕНІНІҢ  
ПОЛИМОРФИЗМІН ТАЛДАУ

Қожахмет А., магистр

[altynait@gmail.com](mailto:altynait@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7872-4752>

Оразымбетова З., аға ғылыми қызметкер

[orazymbetova.z@gmail.com](mailto:orazymbetova.z@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5085-8561>

Амандықова М., техника ғылымдарының магистрі, ғылыми қызметкер

[makpal\\_30.01@mail.ru](mailto:makpal_30.01@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4949-0736>

Искаков Қ., PhD, жетекші ғылыми қызметкер

[kairat11101988@mail.ru](mailto:kairat11101988@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8424-009X>

Досыбаев Қ.Ж., PhD, жетекші ғылыми қызметкер

[kairat1987\\_11@mail.ru](mailto:kairat1987_11@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1136-833X>

ҚР ЖБҒМ ҒК "Генетика және физиология" институты, Алматы қ., Қазақстан

**Андатпа.** Қазақтың етті-жүнді қойы - өнімділігі бойынша елімізде алдыңғы қатарда тұратын қой тұқымына жатады. Бұл зерттеуде төлділікке жауап беретін *BMP15* генінің 2 мутациясы қазақтың етті-жүнді бағыттағы қой тұқымында қарастырылады: *B2 (c.718C>T)*, *B4 (c.1100G>T)*. Зерттеу кезінде 75 қойдың геномдық ДНҚ-сы бөлініп, полимеразды тізбекті реакция (ПТР) арқылы амплификацияланып, рестрикциялық фрагменттердің ұзындығы полиморфизміне (РФҰП) талдау жүргізілді, кездейсоқ тандалып алынған 10 үлгіге аталған ген бойынша секвенирлеу жүргізілді. ПТР арқылы *BMP15* генінің 310 жұп нуклеотидтен (ж.н.) тұратын фрагменті *HinfI* рестрикция ферменті арқылы өңделіп талдау жасалды. РФҰП талдау нәтижесінде Қазақтың етті-жүнді қой тұқымында анықталған мутациялардың мономорфты екендігі байқалды. Келесі ретте *BMP15* генінің қажетті фрагментіне сиквенс жасалды. Сиквенс нәтижесінде алынған тізбек бойынша *NCBI* базасындағы қолжетімді әртүрлі қой тұқымдарының ДНҚ сиквенс нәтижелерімен салыстырмалы талдау жасалды. Сонымен қатар, филогенетикалық талдау жүргізілді. Филогенетикалық сызбанұсқа бойынша нақты үш кластер құрылды, зерттеуге алынған үлгілер екінші кластерге біріктірілді. Жалпы сиквенс нәтижелері бойынша зерттеу тобындағы қойларда бірнеше жаңа бірнуклеотидті полиморфизм (*SNP*) локустары анықталды. Алдағы уақытта жаңадан анықталған *SNP* маркерлердің қызметтерін анықтау үшін қосымша зерттеулер жүргізілуі қажет.

**Тірек сөздер:** Қазақтың етті-жүнді қой тұқымы, *BMP15*, *SNP* локус, РФҰП, секвенирлеу.

**Кіріспе.** Қой тұқымдары генетикалық дрейфтің, табиғи және жасанды іріктеу факторларының әсерінен әртүрлі фенотиптік белгілердің генетикалық негізін зерттеудің керемет үлгісі болып саналған себептен қазіргі таңда қой тұқымдарын әртүрлі жақтан зерттеулер жүргізіліп жатыр. Жергілікті қазақтың қылшық жүнді және жартылай қылшық жүнді аналықтарын романов тұқымды қошқарлармен, ал қазақтың биязы жүнді аналықтарын фин ландрастарымен будандастыру арқылы 2011 жылы қазақтың етті-жүнді тұқымының тұқымшiлік көп төлді типі алынды [1]. Мақсатты селекциялық-асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде төлдегіштігі жоғары қой тобы құрылды, яғни олардың төлдегіштігі 155-170% дейін жетеді. Қазақтың етті-жүнді тұқымының тұқымшiлік көп төлді типі жоғары репродуктивтілік және аналық қасиеттері, жоғары сапалы кроссбред жүнімен, жылдам жетілу және еттің жоғарғы сапалық көрсеткіштерімен ерекшеленеді [2]. Бүгінгі таңда осы алынатын өнімдердің сапасымен қатар, қойлардың өнімділігін арттыратын генетикалық ерекшеліктерін қолдана отырып қой тұқымдарының ішінде

селекция жүргізу маңызды рөл атқарады. Кодтау тізбегіндегі SNP түрлері генетикалық кодтың дегенерациясына байланысты өндірілетін ақуыздың аминқышқылдарының тізбегін өзгеріске ұшыратуы мүмкін. Геномдағы бір нуклеотидті полиморфизмдерді анықтай отырып, қойлардың генотипін анықтауға мүмкіндік бар. Нәтижесінде әрбір генотип негізінде қойлардың өнімділік қасиеттерін бағалауға болады. Мысал ретінде қой тұқымдарының төлдегіштік қасиетін бағалауда сүйек морфогенетикалық протеин 15 (*BMP15*) гені маңызды рөл атқарады. *BMP-15* фолликулогенезге және ооцит сапасына әсер ететіні көрсетілген [3]. *BMP15* гені тікелей ооциттің дамуына қатысады, ал генде кездесетін бір нуклеотидті полиморфизмдер аналық қойлардың өнімділігін бірнеше есе арттырады [4]. Сол себептен аталған ген бойынша генотиптеу жүргізіп, оның ішінде өнімділігі жоғары қойларға тән генотипті анықтап, таңдаулы генотип бойынша ата-аналық жұптарды іріктеп оларды келесі ретте шағылыстырып, отарда қозы санын арттыруға болады [5]. *BMP-15* локусы X-хромосомасына байланысты ген болып табылады және оның экспрессиясы овуляция арқылы бастапқы кезеңнен бастап ооциттерде жүреді [6]. *BMP-15* гені аналық бездің фолликулярлық дамуы кезінде гранулоза жасушаларының пролиферациясымен дифференциациясы кезінде шешуші рөл атқарады. Ол гранулоза жасушаларының митозын ынталандырады және *FSH* рецепторларының экспрессиясын басады [7]. Қазіргі уақытта қойларда *BMP-15* генінің төлдегіштігіне байланысты көптеген мутациялар бар. Галлоуэй *BMP-15*- те екі түрлі тәуелсіз нүкте мутациясын анықтады: *Inverdale (FecX<sup>L</sup>)* және *Hanna (FecX<sup>H</sup>)* [8]. Кембридж және белклар қойларында *B2 (c.718C>T)*, *B4 (c.1100G>T)*, *B1 (28-30 del.CTT)* және *B3 (c. 747T>C)* мутациялары анықталған [9]. Аталған *BMP-15* генінің функциясын өзгертетін нүктелік мутациялар, аналықтарда овуляция жылдамдығын арттырады [10]. *BMP-15* геніндегі мутациялар алғашқы зерттеулерде лакаун қойларында да тіркелген, бұл мутация *BMP-15*-те табиғи түрде пайда болатын, лакаун қойларындағы аналық без функциясының модуляциясымен байланысты [11]. Тағы Испанияның *Rasa Aragonesa* қойында *BMP*-генінде делеция анықталды. Ол қой тұқымында *BMP-15* генінің 2 экзоньында 525-541 сайтында 17 нуклеотид жоқ және *FecX<sup>R</sup>* деп аталды [12]. *Inverdale* аналықтарында *FecX* гетерозиготаларының аналық безде дифференциалданған фолликулдары бар, бұл фолликулаларда гранулоза жасушалары аз, фолликулдың бастапқы кезеңінде гранулоза жасушаларының сезімталдығы жоғарылаған сары кішірек денешіктермен ерекшеленді.

Аталған ген бойынша генотиптеу жүргізіп, оның ішінде өнімділігі жоғары қойларға тән генотипті анықтап, таңдаулы генотип бойынша ата-аналық жұптарды іріктеп оларды келесі ретте шағылыстырып отарда қозы санын арттыруға болады. Бұл жұмыста қазақтың етті-жүнді қой тұқымын *BMP15* гені бойынша генотиптеу жүргізіп, алынған нәтижелерді селекциялық жұмыстарда қолдану көзделінеді.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу үшін қолданылған биоматериал Алматы облысындағы “Қуатжан” шаруа қожалығындағы қазақтың етті-жүнді бағыттағы қойдың 75 басынан алынған. Биоматериал қойдың тікелей мойын венасынан қан ұюға қарсы реагент: ЭДТА бар арнайы 9 мл вакуумдық пробиркаға алынды. Биоматериалдан ДНҚ молекуласы *ReliaPrep™ Blood gDNA Miniprep System* хаттамасы бойынша бөлінді. Бөлінген ДНҚ молекуласының концентрациясы *NanoDrop One (ThermoFisher Scientific, Америка)* спектрофотометрде 230 нм, 260нм, 280 нм толқын ұзындықтарында тексеріліп, элетрофорездік талдау арқылы сапалық талдау жүргізілді.

*BMP-15* генінің қажетті фрагментін амплификациялау үшін полимеразды тізбекті реакция жүргізілді. Ол үшін бөлінген ДНҚ молекуласы, дистильденген су, *PCR Master Mix (2X)* қоспасы (*Thermo Scientific, Америка*) және сәйкесінше концентрацияланған тура және кері бағыттағы праймерлер тізбегі қолданылды. Әр пробиркаға 7 мкл дистильденген су, 10 мкл *PCR Master Mix (2X)* қоспасы (*Thermo Scientific, Америка*), 1 мкл *F* праймер, 1 мкл *R* праймер және 1 мкл ДНҚ қосылды. Зерттеу барысында пайдаланылған праймерлер ҚР БҒМ ҒК «Генетика және Физиология институты», молекулалық генетика зертханасында *ASM800* синтезаторы (Биоссет, Новосибирск, Ресей) арқылы амидофосфаттар қатысында

синтезделді. Праймер тізбегі (forward 5'-CACTGTCTTCTTGTTACTGTATTTCAATGAGAC-3', reverse 5' - GATGCAATACTGCCTGCTTG-3') [13]. ПТР талдау *Mastercycler (Eppendorf, Германия)* амплификаторында келесі бағдарлама бойынша жүргізілді: 94.0°C 5 минут денатурация, кейін 35 циклда 94.0°C 1 минут денатурация, 55.0°C 1 минут жабысу (отжиг), 72.0°C 2 минут элонгация [13]. Электрофорезде *BMP15* гені 310 ж.н. тұратын фрагментінің сапасын тексеру үшін 0,8% агарозды гель арқылы горизонтальді электрофорезде (50V, 30mA, 40 мин) талданды. Гельдегі ДНҚ молекуласын визуализациялау үшін арнайы гель құжаттайтын құрылғы *IBRIGHT 1500 (ThermoFisher Scientific, Америка)* қолданылды.

*BMP15* геніне РФПҰ талдау арнайы амплификацияланған ПТР өнімі бар үлгіден 10 мкл материал алынып, 4 мкл дистилденген су, 1 мкл буфер, 1 мкл *Hinfl* рестриктазасы қосылып кейін 36°C температурада 16 сағатқа термостатқа қойылды. Алынған үлгілерге электрофорез жүргізіліп, гель-құжаттаушы құрылғы арқылы визуализацияланды.

*BMP 15* генін секвенирлеу үшін *BigDye Terminator v3.1 cycle sequencing kit* жиынтығы қолданылды. Секвенирлеуге қажетті геномдық ДНҚ, ДНҚ-сорб-В (*AmpliSens, Москва*) жиынтығының хаттамасы арқылы бөлінді. ДНҚ-ға сапалық талдау жүргізгеннен кейін *BMP 15* генінің 2-ші экзоны секвенирленді. Қажетті аймақтарды амплификациялау үшін *Invitrogen™ Primer Designer™* бағдарламасы арқылы қажетті праймер үлгісі құрастырылды. Экзон 2 үшін қолданылған праймерлер тізбегі: *Forward 5-GAAGACCAAACCTCTCCCTAAAG-3', Reverse 5'-CTGGGCAATCATACCCCTCATAC-3'* [13].


Амплификация өнімдерін сандық және сапалық тексеру үшін горизонтальді электрофорез әдісі қолданылды. Үлгілердегі қалдық молекулалар *ExoSAP-IT* реагенті арқылы тазаланды. Жалпы хаттама бойынша 5 мкл үлгіге 2 мкл *ExoSAP-IT* қосылып, амплификаторға 37°C-қа 15 минут, 80°C-қа 15 минут инкубацияға қойылды. Алынған амплификация үлгілері концентрациясы спектрофотометрде 230 нм, 260 нм, 280 нм толқын ұзындығында тексерілді, ДНҚ концентрациясы 150-300 нг/мкл аралығындағы үлгілер алынды. *Bigdye Terminator cycle sequencing* жиынтығы ампликондарға флуоресценттік белгілерді үйлестіру қолданылды. Барлық реагенттер хаттама бойынша бір үлгіге *BigDye™ Terminator 3.1 Ready Reaction Mix* 4мкл, *BigDye™ Terminator v1.1 & v3.1 5X Sequencing Buffer* 2 мкл, F праймер, R праймер 1 мкл-ден, дист.су 10 мкл және амплификацияланған үлгіден 1 мкл-ден қосылды. Үлгілерді қалдық қоспалардан тазалау үшін әр үлгіге 45 мкл x *SAM solution* және 10 мкл *BigDye XTerminator™ bead solution* реагенттері қатысында тазалау реакциясы жүргізілді. Келесі ретте үлгілерге секвенс жасалды. Секвенирлеу процессі нәтижесінде алынған ДНҚ тізбегінің реттіліктерін редакциялау *BioEdit (Informer Technologies, Inc.)* бағдарламасы арқылы жүргізілді, филогенетикалық талдау *MEGA X* бағдарламасы арқылы жасалынды.

**Зерттеу нәтижелері және талқылау.** Соңғы жылдары бүкіл әлемде қойлардың өнімділігіне жауапты негізгі гендерді талдауда айтарлықтай прогреске қол жеткізілді. Бірқатар зерттеулер ген-кандидаттардың қойдың репродуктивті өнімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Олардың ішінде қойларда жоғарғы төлділікке жауап беретін гендердің келесі үш класы анықталды: 6-хромосомада орналасқан *FecB* гені белгілі сүйек морфогенетикалық ақуыз рецепторы (*BMPR-IB*), 5-хромосомада орналасқан *FecG* гені белгілі өсу дифференциация факторы 9 (*GDF9*), және X хромосомасында орналасқан *FecX* гені белгілі сүйек морфогенетикалық протеині 15 (*BMP15*). Сипатталған гендердің барлығы *TGF-β* супер отбасына жатады [14-16]. Аталған гендердің ішінде *BMP15* гені X хромосомада орналасқан. Ген 1179 нуклеотидтен тұратын толық ұзындықтағы кодтау тізбегі шамамен 5,4 кб интронмен бөлінген екі экзоннан тұрады және 393 амин қышқылы қалдықтарынан тұратын препропептидті кодтайды. Белсенді жетілген пептид ұзындығы 125 аминқышқылды құрайды [17].


*BMP-15* генінің экспрессиясы қазақтың етті-жүнді қой тұқымында ПТР арқылы талданды (1-сурет). РФПҰ талдау *B2* мутациясын, яғни *BMP-15* генінің 718 локусында гуаниннің (G) тимниге (T) алмасуын анықтау мақсатында жүргізілді. *B2* праймерлерімен



геномдық ДНҚ-ны ПТР арқылы амплификациялау 75 үлгіге жүргізілді. Амплификацияланған ДНҚ фрагменті *HinfI* шектеуші ферментімен өңделді, нәтижесі 8% агорозды электрофорез арқылы тексерілді. ПТР өнімі 310 ж.н. өлшемін сақтап қалды, бұл талдауға алынған қазақтың етті-жүнді қойлары мономорфты екенін көрсетеді (2-сурет).



1-сурет – *BMP15* генінің ПТР талдау нәтижесі (1-34 үлгілер).




2-сурет – Қазақтың етті-жүнді қой тұқымындағы *BMP15/FecX* геніне жүргізілген РФПҮ талдау нәтижелерінің электрофореграммасы (41-75 үлгілер)

Қазақтың етті-жүнді қой тұқымындарының ДНҚ молекуласынан *BMP15* генінің нуклеотидтер тізбегінің анықтау және РФҮП талдау нәтижесін тексеру мақсатында секвенирлеу жүргізілді. Секвенирлеу нәтижесінде мақсатты түрде қарастырылған мутациялар мономорфтылық көрсетті және екінші экзоннан жаңа полиморфизмдер табылды (3-сурет). Бұл локустардағы полиморфизмдердің геннің экспрессиясына әсері толық зерттелмеген. Сондықтан, анықталған жаңа *SNP* маркерлерін зерттеу қызығушылық тудырады.

Секвенирлеу үшін таңдалған үлгілердің бесеуінің (*Kazakh meat – wool s.10*, *Kazakh meat – wool s.43*, *Kazakh meat – wool s.46*, *Kazakh meat – wool s.48*, *Kazakh meat – wool s.55*) тізбектері *BLAST* талдауы кезінде *GenBank*-тен алынған бірнеше қой тұқымдарының





5-сурет – *Neighbor - Joining* әдісімен құрастырылған филогенетикалық сызбанұсқа

*BMP15* генінің мутациялары дүниежүзіндегі бірнеше қой тұқымдарында анықталды, бұл гетерозиготалы генотиптің овуляция жылдамдығына аддитивті әсер ететінін көрсетеді. Шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде, қойларда *BMP15* генінде рекомбинация немесе мутация жиілігі басқа гендермен салыстырғанда жоғары. *BMP15* генінің *FecX<sup>L</sup>*, *FecX<sup>H</sup>*, *FecX<sup>G</sup>* және *FecX<sup>B</sup>* мутациялары бірнеше қой тұқымдастарының овуляция жылдамдығымен тығыз байланысты. *FecX<sup>G</sup>* мутациясы белоктың экспрессиясының тоқтуына алып келіп, қойлардың бедеулігін тудырады [18-19]. Мерзімінен бұрын экспрессиялануға алып келетін бір аминқышқылының өзгерісін туындатын нүктелік мутациялар, *BMP15*-тің функциясына да анық әсер етеді. Осылайша, инвердейл (*FecX<sup>L</sup>*) қойларда жетілген *BMP15* пептидінің 31-қалдығында аспарагин қышқылының орнына валинді (*TGF-β* фактор мүшелерінің көпшілігінде сақталған) алмастыратын айқын *T>A* мутациясы бар [20]. Бұл алмастыруды

модельдеу (геріс зарядталған аспартатпен гидрофобты валинді өзгерту) димер түзілуіне қатысатын аймақтың электростатикалық беттік потенциалдарының өзгеруіне алып келетін және димеризацияны бұзатын процесспен сипатталады. *Inverdale* аналықтарында *FecX* гетерозиготаларының аналық безінде дифференциалданған фолликулдары бар, бұл фолликулаларда гранулоза жасушалары аз, фолликулдың бастапқы кезеңінде гранулоза жасушаларының сезімталдығы жоғарылаған сары кішірек денешіктермен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, кең таралған В1 мутациясы: 1-экзонның 28-30-позициясында *СТТ* үш негізді делециямен анықталады, бұл *BMP15*-те лейцин ақуызының жойылуына алып келеді. Аталған локустың алдын ала болжанған сигналдар тізбегінде полиморфты (фенотипке әсері жоқ) екендігі көрсетілген, ал осы қойлардың аталған позицияда екі лейцин кодоны (*СТТ*) бар [21] болса, басқа қой тұқымдарында қалыпты жағдайда тек бір лейцин кодоны болады.

Сондай ақ, зерттелген нәтижелерде *BMP15*-тің *Cele* қара қойындағы 2-экзонның 755-позициясында мутацияға ие екенін көрсетеді, бұл лейциннің орнына пролин аминқышқылының түзілуіне алып келеді. Қойларда *BMP15* экспрессиясын бастапқы фолликулаларда көруге болады. *BMP15* жаңа мутациялардың гетерозиготалы тасымалдаушылары *Inverdale* (*FecX<sup>I</sup>*) және *Hanna* (*FecX<sup>H</sup>*) қойларында байқалғандай овуляция жылдамдығының жоғарылауын көрсетеді [22]. Дегенмен, дәлелдер *FecX<sup>B</sup>* әсері *FecX<sup>G</sup>* әсерінен жоғары екенін көрсетеді. Бұл қосымша зерттеулермен дәлелдеуді қажет етеді. *FecX<sup>H</sup>*, *FecX<sup>G</sup>* және *FecX<sup>B</sup>*, *FecX<sup>I</sup>* мутациялары өзара ұқсас [23]. *BMP15* екі жаңа консервативті емес мутацияларының (*FecX<sup>G</sup>* және *FecX*) гиперпролиферацияға қатысы анықталған. Бұл мутациялар гомозиготалы аналықтарда да стерильді болмай, керісінше, овуляция жылдамдығын жоғарылатады [24-25]. Сол себептен, қазақтың етті-жүнді қойы тұқымында да осы мутация бойынша гомозиготалы және гетерозиготалы аллельдер овуляцияның жоғарылауына алып келуі мүмкін.

**Қорытынды.** Қазақтың етті-жүнді қой тұқымының көптөлділік қасиетін бағалау мақсатында *BMP15* геніне РФҰП талдау және секвенирлеу жүргізілді. Қан үлгілерінен геномдық ДНҚ молекуласы бөлініп алынды және ДНҚ банк базасы құрылды.

*B2 (c.718C>T)* мутациясын талдау мақсатында ПТР арқылы *BMP15* генінің 310 ж.н. тұратын фрагменті амплификацияланды және *HinfI* рестриктазалық ферментпен өңделіп, РФҰП талдау жасалды. Нәтижесінде, зерттелген 75 бас саулық мономорфты екені анықталды.

*BMP15* генінің екінші экзоннда болатын мутацияларды анықтау мақсатында ДНҚ молекуласының фрагменттеріне сиквенс жасалды. Сиквенс нәтижелері мақсатты мутациялардың жоқ екенін көрсетті. Алынған сиквенс тізбектері алдағы уақытта *NCBI* қорына жүктелетін болады. Жалпы сиквенс нәтижелері бойынша зерттеу тобындағы қойларда бірнеше жаңа *SNP* локустары анықталды. Дегенмен, бұл *SNP* маркерлердің қызметі белгісіз. Аталған екі экзон бойынша секвенирленген тізбектер негізінде қазақтың етті-жүнді бағыттағы қойларды *NCBI* базасындағы қолжетімді қой тұқымдарының сиквенс нәтижелерімен салыстырмалы филогенетикалық талдау жүргізілді. Филогенетикалық талдау нәтижелері нақты үш кластерді құрады. Қазақтың етті-жүнді қой тұқымының зерттеуге алынған саулықтары жеке бірінші кластерді құрады. Алдағы уақытта қазақтың етті-жүнді қой тұқымы бойынша жаңадан табылған *SNP* қызметтерін анықтау үшін қосымша тереңірек зерттеулер жүргізілуі қажет.

**Қаржыландыру.** Зерттеу жұмысы 2021-2023 жж. аралығындағы АР09058265 «Қазақтың етті-жүнді қой тұқымының өнімділігін көптөлділік гендері бойынша бағалау» атты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен қаржыландырылатын жоба шеңберінде жүргізілді.

#### Әдебиеттер:

- [1] Мирзабеков С.Ш., Ерохин А.И. Овцеводство. – Алматы: Издат Маркет, 2005. – 512 с.
- [2] Сабденов К.С., Махатов Б.М., Нуржанова К.Х., Бурамбева Н.Б., Султанова А.К.,

- Кулатаев Б.Т, Современная технология производства продуктов овцеводство. – Алматы: Айтұмар, 2015.-416 с.
- [3] **Davis, George Henry.** 2005. “Major Genes Affecting Ovulation Rate in Sheep.” In *Genetics Selection Evolution*. Vol. 37. doi:10.1051/gse:2004026.
- [4] **Bodensteiner, K.J.,** C.M. Clay, C.L. Moeller, and H.R. Sawyer. 1999. “Molecular Cloning of the Ovine Growth/Differentiation Factor-9 Gene and Expression of Growth/Differentiation Factor-9 in Ovine and Bovine Ovaries.” *Biology of Reproduction* 60 (2): 381–86. doi:10.1095/biolreprod60.2.381.
- [5] **Abdoli, R.,** P. Zamani, S.Z. Mirhoseini, N. Ghavi Hossein-Zadeh, and S. Nadri. 2016. “A Review on Prolificacy Genes in Sheep.” *Reproduction in Domestic Animals = Zuchthygiene*. Blackwell Publishing Ltd. doi:10.1111/rda.12733.
- [6] **Chantepie, Louise,** Loys Bodin, Julien Sarry, Florent Woloszyn, Florence Plisson-Petit, Julien Ruesche, Laurence Drouilhet, and Stéphane Fabre. 2020. “Genome-Wide Identification of a Regulatory Mutation in BMP15 Controlling Prolificacy in Sheep.” *Frontiers in Genetics* 11 (June). Frontiers Media S.A. doi:10.3389/fgene.2020.00585.
- [7] **Scaramuzzi, R.J.,** D.T. Baird, B.K. Campbell, M.A. Driancourt, J. Dupont, J.E. Fortune, R. B. Gilchrist, et al. 2011. “Regulation of Folliculogenesis and the Determination of Ovulation Rate in Ruminants.” *Reproduction, Fertility and Development*. doi:10.1071/RD0916
- [8] **Davis, G.H.,** L. Balakrishnan, I. K. Ross, T. Wilson, S. M. Galloway, B. M. Lumsden, J. P. Hanrahan, et al. 2006. “Investigation of the Booroola (FecB) and Inverdale (FecXI) Mutations in 21 Prolific Breeds and Strains of Sheep Sampled in 13 Countries.” *Animal Reproduction Science* 92 (1–2): 87–96. doi:10.1016/j.anireprosci.2005.06.001.
- [9] **Abdoli, Ramin,** Seyed Ziaeddin Mirhoseini, Navid Ghavi Hossein-Zadeh, and Pouya Zamani. 2018. “Screening for Causative Mutations of Major Prolificacy Genes in Iranian Fat-Tailed Sheep.” *International Journal of Fertility and Sterility* 12 (1). Royan Institute (ACECR): 51–55. doi:10.22074/ijfs.2018.5247.
- [10] **Fabre, S.,** Pierre, A., Mulsant, P., Bodin, L., Di Pasquale, E., Persani, L., Monget, P., and Monniaux, D. (2006). Regulation of ovulation rate in mammals: Contribution of sheep genetic models. *Reproductive Biology and Endocrinology* 4.
- [11] **Drouilhet, Laurence,** Camille Mansanet, Julien Sarry, Kamila Tabet, Philippe Bardou, Florent Woloszyn, Jérôme Lluch, et al. 2013. “The Highly Prolific Phenotype of Lacaune Sheep Is Associated with an Ectopic Expression of the B4GALNT2 Gene within the Ovary.” *PLoS Genetics* 9 (9). doi:10.1371/journal.pgen.1003809.
- [12] **Monteagudo, Luis V.,** Ricardo Ponz, M. Teresa Tejedor, Adolfo Laviña, and Isidro Sierra. 2009. “A 17 Bp Deletion in the Bone Morphogenetic Protein 15 (BMP15) Gene Is Associated to Increased Prolificacy in the Rasa Aragonesa Sheep Breed.” *Animal Reproduction Science* 110 (1–2): 139–46. doi:10.1016/j.anireprosci.2008.01.005.
- [13] **James P.** Hanrahan, et al., Galloway, Mutations in the Genes for Oocyte-Derived Growth Factors GDF9 and BMP15 Are Associated with Both Increased Ovulation Rate and Sterility in Cambridge and Belclare Sheep (*Ovis aries*), *Biology of Reproduction*, Volume 70, Issue 4, 1 April 2004, Pages 900–909, <https://doi.org/10.1095/biolreprod.103.023093>
- [14] **Monsivais, Diana,** Martin M. Matzuk, and Stephanie A. Pangas. 2017. “The TGF- $\beta$  Family in the Reproductive Tract.” *Cold Spring Harbor Perspectives in Biology*. Cold Spring Harbor Laboratory Press. doi:10.1101/cshperspect.a022251.
- [15] **Tang, Jishun,** Wenping Hu, Ran Di, Qiuyue Liu, Xiangyu Wang, Xiaosheng Zhang, Jinlong Zhang, and Mingxing Chu. 2018. “Expression Analysis of the Prolific Candidate Genes, Bmpr1b, Bmp15, and Gdf9 in Small Tail Han Ewes with Three Fecundity (Fecb Gene) Genotypes.” *Animals* 8 (10). MDPI AG. doi:10.3390/ani8100166.
- [16] **Nagdy, Hiam,** Karima Gh M. Mahmoud, Mohamed M.M. Kandiel, Nermeen A. Helmy, Shawky S. Ibrahim, Mahmoud F. Nawito, and Othman E. Othman. 2018. “PCR-RFLP of Bone Morphogenetic Protein 15 (BMP15/FecX) Gene as a Candidate for Prolificacy in Sheep.” *International Journal of Veterinary Science and Medicine* 6 (January). Faculty of Veterinary Medicine, Cairo University: S68–72. doi:10.1016/j.ijvsm.2018.01.001.
- [17] **Goyal, S.,** J. Aggarwal, P.K. Dubey, B.P. Mishra, P. Ghalsasi, C. Nimbkar, B.K. Joshi, and R.S. Kataria. 2017. “Expression Analysis of Genes Associated with Prolificacy in FecB Carrier and Noncarrier Indian Sheep.” *Animal Biotechnology* 28 (3). Taylor and Francis Inc.: 220–27. doi:10.1080/10495398.2016.1262869.
- [18] **Mohamed, Sara E.,** Ibrahim, Romaz M. Ahmed, Khaleel I.Z. Jawasreh, M. A.M. Salih, M.

A.M. Salih, Dalia Mursi Abdelhalim, A. W. Abdelgadir, T. Obeidat, L. M.A. Musa, and Mohammed Khair A. Ahmed. 2020. “Genetic Polymorphisms of Fecundity Genes in Watish Sudanese Desert Sheep.” *Veterinary World* 13 (4). *Veterinary World*: 614–21. doi:10.14202/vetworld.2020.614-621.

[19] **Diñçel, Deniz**, Sena Ardıçlı, Hale Şamlı, and Faruk BALCI. 2018. “Genotype Frequency of FecXB (Belclare) Mutation of BMP15 Gene in Chios (Sakiz) Sheep.” *Uludağ Üniversitesi Veteriner Fakültesi Dergisi* 37 (2). *Uludağ Üniversitesi Veteriner Fakültesi Dergisi*: 1–5. doi:10.30782/uluvfd.413857.

[20] **McNatty, K.P.**, J.L. Juengel, T. Wilson, S.M. Galloway, and G.H. Davis. 2001. “Genetic Mutations Influencing Ovulation Rate in Sheep.” *Reproduction, Fertility and Development* 13 (7–8). *CSIRO*: 549–55. doi:10.1071/rd01078.

[21] **Niu, Zhi Gang**, Jin Qin, Yao Jiang, Xiang Dong Ding, Yu Gong Ding, Sen Tang, and Hong Cai Shi. 2021. “The Identification of Mutation in Bmp15 Gene Associated with Litter Size in Xinjiang Cele Black Sheep.” *Animals* 11 (3). MDPI AG: 1–10. doi:10.3390/ani11030668.

[22] **Demmers, K.J.**, B. Smaill, G.H. Davis, K.G. Dodds, and J.L. Juengel. 2011. “Heterozygous Inverdale Ewes Show Increased Ovulation Rate Sensitivity to Pre-Mating Nutrition.” *Reproduction, Fertility and Development* 23 (7): 866–75. doi:10.1071/RD10344.

[23] **Najafabadi**, Hamed Amirpour, Majid Khansefid, Ghassan Ghaith Mahmoud, Ishaku Lemu Haruna, Huitong Zhou, and Jon G.H. Hickford. 2021. “Identification of Sequence Variation in the Oocyte-Derived Bone Morphogenetic Protein 15 (BMP15) Gene (BMP15) Associated with Litter Size in New Zealand Sheep (*Ovis Aries*) Breeds.” *Molecular Biology Reports* 48 (9). Springer Science and Business Media B.V.: 6335–42. doi:10.1007/s11033-021-06627-z.

[24] **Galloway, Susan M.**, Kenneth P. McNatty, Lisa M. Cambridge, Mika P.E. Laitinen, Jennifer L. Juengel, T. Sakari Jokiranta, Robert J. McLaren, et al. 2000. “Mutations in an Oocyte-Derived Growth Factor Gene (BMP15) Cause Increased Ovulation Rate and Infertility in a Dosage-Sensitive Manner.” *Nature Genetics* 25 (3): 279–83. doi:10.1038/77033.

[25] **Dube, Jennifer L.**, Pei Wang, Julia Elvin, Karen M. Lyons, Anthony J. Celeste, and Martin M. Matzuk. 1998. “The Bone Morphogenetic Protein 15 Gene Is X-Linked and Expressed in Oocytes.” *Molecular Endocrinology* 12 (12). Endocrine Society: 1809–17. doi:10.1210/mend.12.12.0206.

## References:

- [1] **Mirzabekov S.Sh.**, Erokhin A.I. *Ovcevodstvo*. - Almaty : IzdatMarket, 2005. – 512 c.
- [2] **Sabdenov K.S.**, Makhatov B.M., Nurzhanova K.H., Burambeva N.B., Sultanova A.K. Kulataev B.T., *Sovremennaya tekhnologiya proizvodstva produktov ovcevodstvo*. – Almaty : Aitumar, 2015.-416 c.
- [3] **Davis, George Henry**. 2005. “Major Genes Affecting Ovulation Rate in Sheep.” In *Genetics Selection Evolution*. Vol. 37. doi:10.1051/gse:2004026.
- [4] **Bodensteiner, K.J.**, C.M. Clay, C.L. Moeller, and H.R. Sawyer. 1999. “Molecular Cloning of the Ovine Growth/Differentiation Factor-9 Gene and Expression of Growth/Differentiation Factor-9 in Ovine and Bovine Ovaries.” *Biology of Reproduction* 60 (2): 381–86. doi:10.1095/biolreprod60.2.381.
- [5] **Abdoli, R.**, P. Zamani, S.Z. Mirhoseini, N. Ghavi Hossein-Zadeh, and S. Nadri, 2016. “A Review on Prolificacy Genes in Sheep.” *Reproduction in Domestic Animals = Zuchthygiene*. Blackwell Publishing Ltd. doi:10.1111/rda.12733.
- [6] **Chantepie, Louise**, Loys Bodin, Julien Sarry, Florent Woloszyn, Florence Plisson-Petit, Julien Ruesche, Laurence Drouilhet, and Stéphane Fabre. 2020. “Genome-Wide Identification of a Regulatory Mutation in BMP15 Controlling Prolificacy in Sheep.” *Frontiers in Genetics* 11 (June). *Frontiers Media S.A.* doi:10.3389/fgene.2020.00585.
- [7] **Scaramuzzi, R.J.**, D.T. Baird, B.K. Campbell, M.A. Driancourt, J. Dupont, J.E. Fortune, R.B. Gilchrist, et al. 2011. “Regulation of Folliculogenesis and the Determination of Ovulation Rate in Ruminants.” *Reproduction, Fertility and Development*. doi:10.1071/RD0916
- [8] **Davis, G.H.**, L. Balakrishnan, I.K. Ross, T. Wilson, S.M. Galloway, B.M. Lumsden, J.P. Hanrahan, et al. 2006. “Investigation of the Booroola (FecB) and Inverdale (FecXI) Mutations in 21 Prolific Breeds and Strains of Sheep Sampled in 13 Countries.” *Animal Reproduction Science* 92 (1–2): 87–96. doi:10.1016/j.anireprosci.2005.06.001.
- [9] **Abdoli, Ramin**, Seyed Ziaeddin Mirhoseini, Navid Ghavi Hossein-Zadeh, and Pouya Zamani. 2018. “Screening for Causative Mutations of Major Prolificacy Genes in Iranian Fat-Tailed Sheep.” *International Journal of Fertility and Sterility* 12 (1). Royan Institute (ACECR): 51–55. doi:10.22074/ijfs,

2018.5247.

[10] **Fabre, S.**, Pierre, A., Mulsant, P., Bodin, L., Di Pasquale, E., Persani, L., Monget, P., and Monniaux, D. (2006). Regulation of ovulation rate in mammals: Contribution of sheep genetic models. *Reproductive Biology and Endocrinology* 4.

[11] **Drouilhet, Laurence**, Camille Mansanet, Julien Sarry, Kamila Tabet, Philippe Bardou, Florent Woloszyn, Jérôme Lluch, et al. 2013. “The Highly Prolific Phenotype of Lacaune Sheep Is Associated with an Ectopic Expression of the B4GALNT2 Gene within the Ovary.” *PLoS Genetics* 9 (9). doi:10.1371/journal.pgen.1003809.

[12] **Monteagudo, Luis V.**, Ricardo Ponz, M. Teresa Tejedor, Adolfo Laviña, and Isidro Sierra. 2009. “A 17 Bp Deletion in the Bone Morphogenetic Protein 15 (BMP15) Gene Is Associated to Increased Prolificacy in the Rasa Aragonesa Sheep Breed.” *Animal Reproduction Science* 110 (1–2): 139–46. doi:10.1016/j.anireprosci.2008.01.005.

[13] **James P.** Hanrahan, et al., Galloway, Mutations in the Genes for Oocyte-Derived Growth Factors GDF9 and BMP15 Are Associated with Both Increased Ovulation Rate and Sterility in Cambridge and Belclare Sheep (*Ovis aries*), *Biology of Reproduction*, Volume 70, Issue 4, 1 April, 2004, Pages 900–909, <https://doi.org/10.1095/biolreprod.103.023093>

[14] **Monsivais, Diana**, Martin M. Matzuk, and Stephanie A. Pangas. 2017. “The TGF- $\beta$  Family in the Reproductive Tract.” *Cold Spring Harbor Perspectives in Biology*. Cold Spring Harbor Laboratory Press. doi:10.1101/cshperspect.a022251.

[15] **Tang, Jishun**, Wenping Hu, Ran Di, Qiuyue Liu, Xiangyu Wang, Xiaosheng Zhang, Jinlong Zhang, and Mingxing Chu. 2018. “Expression Analysis of the Prolific Candidate Genes, *Bmpr1b*, *Bmp15*, and *Gdf9* in Small Tail Han Ewes with Three Fecundity (*Fecb* Gene) Genotypes.” *Animals* 8 (10). MDPI AG. doi:10.3390/ani8100166.

[16] **Nagdy, Hiam**, Karima Gh M. Mahmoud, Mohamed M.M. Kandiel, Nermeen A. Helmy, Shawky S. Ibrahim, Mahmoud F. Nawito, and Othman E. Othman. 2018. “PCR-RFLP of Bone Morphogenetic Protein 15 (BMP15/*FecX*) Gene as a Candidate for Prolificacy in Sheep.” *International Journal of Veterinary Science and Medicine* 6 (January). Faculty of Veterinary Medicine, Cairo University: S68–72. doi:10.1016/j.ijvsm2018.01.001.

[17] **Goyal, S.**, J. Aggarwal, P. K. Dubey, B. P. Mishra, P. Ghalsasi, C. Nimbkar, B. K. Joshi, and R. S. Kataria. 2017. “Expression Analysis of Genes Associated with Prolificacy in *FecB* Carrier and Noncarrier Indian Sheep.” *Animal Biotechnology* 28 (3). Taylor and Francis Inc.: 220–27. doi:10.1080/10495398.2016.1262869.

[18] **Mohamed, Sara E.** Ibrahim, Romaz M. Ahmed, Khaleel I.Z. Jawasreh, M. A.M. Salih, M. A.M. Salih, Dalia Mursi Abdelhalim, A. W. Abdelgadir, T. Obeidat, L. M.A. Musa, and Mohammed Khair A. Ahmed. 2020. “Genetic Polymorphisms of Fecundity Genes in Watish Sudanese Desert Sheep.” *Veterinary World* 13 (4). *Veterinary World*: 614–21. doi:10.14202/vetworld.2020.614-621.

[19] **Dinçel, Deniz**, Sena Ardiçlı, Hale Şamlı, and Faruk BALCI. 2018. “Genotype Frequency of *FecXB* (Belclare) Mutation of *BMP15* Gene in Chios (Sakiz) Sheep.” *Uludağ Üniversitesi Veteriner Fakültesi Dergisi* 37 (2). *Uludağ Üniversitesi Veteriner Fakültesi Dergisi*: 1–5. doi:10.30782/uluvfd.413857.

[20] **McNatty, K.P.**, J.L. Juengel, T. Wilson, S.M. Galloway, and G.H. Davis, 2001. “Genetic Mutations Influencing Ovulation Rate in Sheep.” *Reproduction, Fertility and Development* 13 (7–8). CSIRO: 549–55. doi:10.1071/rd01078.

[21] **Niu, Zhi Gang**, Jin Qin, Yao Jiang, Xiang Dong Ding, Yu Gong Ding, Sen Tang, and Hong Cai Shi. 2021. “The Identification of Mutation in *Bmp15* Gene Associated with Litter Size in Xinjiang Cele Black Sheep.” *Animals* 11 (3). MDPI AG: 1–10. doi:10.3390/ani11030668.

[22] **Demmers, K.J.**, B. Smaill, G.H. Davis, K.G. Dodds, and J.L. Juengel. 2011. “Heterozygous Inverdale Ewes Show Increased Ovulation Rate Sensitivity to Pre-Mating Nutrition.” *Reproduction, Fertility and Development* 23 (7): 866–75. doi:10.1071/RD10344.

[23] **Najafabadi**, Hamed Amirpour, Majid Khansefid, Ghassan Ghaith Mahmoud, Ishaku Lemu Haruna, Huitong Zhou, and Jon G.H. Hickford. 2021. “Identification of Sequence Variation in the Oocyte-Derived Bone Morphogenetic Protein 15 (*BMP15*) Gene (*BMP15*) Associated with Litter Size in New Zealand Sheep (*Ovis Aries*) Breeds.” *Molecular Biology Reports* 48 (9). Springer Science and Business Media B.V.: 6335–42. doi:10.1007/s11033-021-06627-z.

[24] **Galloway, Susan M.**, Kenneth P. McNatty, Lisa M. Cambridge, Mika P.E. Laitinen, Jennifer L. Juengel, T. Sakari Jokiranta, Robert J. McLaren, et al. 2000. “Mutations in an Oocyte-Derived Growth Factor Gene (*BMP15*) Cause Increased Ovulation Rate and Infertility in a Dosage-Sensitive

Manner.” *Nature Genetics* 25 (3): 279–83. doi:10.1038/77033.

[25] **Dube, Jennifer L.**, Pei Wang, Julia Elvin, Karen M. Lyons, Anthony J. Celeste, and Martin M. Matzuk. 1998. “The Bone Morphogenetic Protein 15 Gene Is X-Linked and Expressed in Oocytes.” *Molecular Endocrinology* 12 (12). Endocrine Society: 1809–17. doi:10.1210/mend.12.12.0206.

## ИССЛЕДОВАНИЕ ПОЛИМОРФИЗМА ГЕНА КОСТНОГО МОРФОГЕНЕТИЧЕСКОГО БЕЛКА 15 (*BMP15/FECX*) У КАЗАХСКИХ МЯСО ШЕРСТИСТЫХ ОВЕЦ

**Қожахмет А.**, магистр

**Оразымбетова З.**, старший научный сотрудник

**Амандыкова М.**, магистр технических наук, научный сотрудник

**Искаков К.**, PhD, ведущий научный сотрудник

**Досыбаев К.**, PhD, ведущий научный сотрудник

*РГП на ПХВ "Институт генетики и физиологии" КН МНВО РК*

**Аннотация.** Казахские мясо-шерстные овцы относятся к ведущей породе овец в стране по уровню продуктивности. В данном исследовании у овец казахской мясо-шерстной породы были рассмотрены 2 мутации гена *BMP15*, отвечающие за плодовитость: B2 (с.718C>T), B4 (с.1100G>T). У 75 голов овец была выделена геномная ДНК, проведен анализ ПЦР и ПДРФ, далее исследуемый ген был секвенирован у 10 случайно выбранных образцов. Фрагмент гена *BMP15* состоящий из 310 н.п. был проанализирован с использованием фермента рестрикции *HinfI*. В результате ПДРФ-анализа установлено, что мутации, выявленные у казахской мясо-шерстной породы овец, являются мономорфными. Далее был проведен секвенс изучаемого фрагмента гена *BMP15*. Полученные последовательности секвенса были сопоставлены с данными секвенирования различных пород овец изучаемого гена доступные в базе NCBI. По результатам секвенирования у овец исследуемой группы выявлено несколько новых локусов SNP. Будущие работы должны быть направлены на определение функций выявленных маркеров SNP. Далее был проведен филогенетический анализ. По филогенетическому дереву были построены три четких кластера, изучаемые нами образцы были расположены во втором кластере.

**Ключевые слова:** казахская мясо-шерстная порода овец, *BMP15*, *SNP*, ПДРФ, секвенирование.

## STUDY OF POLYMORPHISM OF THE GENE OF BONE MORPHOGENETIC PROTEIN 15 (*BMP15/FECX*) IN KAZAKH MEAT WOOL SHEEP

**Kozhakhmet A.**, master

**Orazimbetova Z.**, senior researcher

**Amandykova M.**, Master of Technical Sciences, researcher

**Iskakov K.**, PhD, leading researcher

**Dossybayev K.**, PhD, leading researcher

*"Institute of Genetics and Physiology" KN MES RK*

**Annotation.** Kazakh meat-wool sheep are the leading sheep breed in the country in terms of productivity. In this study, two mutations of the *BMP15* gene, responsible for fertility, were examined in Kazakh meat-wool sheep breed: B2 (c.718C>T), B4 (c.1100G>T). Genomic DNA was isolated from 75 sheep, PCR and RFLP analysis was performed, and the studied gene was sequenced in 10 randomly selected samples. A fragment of the *BMP15* gene consisting of 310 bp. was analyzed using the restriction enzyme *HinfI*. As a result of RFLP analysis, it was established that the mutations identified in the Kazakh meat-wool sheep breed are monomorphic. Next, the sequence of the studied *BMP15* gene fragment was carried out. The obtained sequences were compared with the sequencing data of various sheep breeds of the studied gene, available in the NCBI database. Based on sequencing results, several new SNP loci were identified in the studied sheep group. Future works should aim to determine the functions of the identified SNP markers. Next, a phylogenetic analysis was carried out. Three clear clusters were constructed according to the phylogenetic tree; the studied samples were located in the second cluster.

**Keywords:** Kazakh meat and wool breed of sheep, *BMP15*, *SNP*, RFLP, sequencing.



## ҚАЛМАҚ ТҰҚЫМЫНЫҢ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУДА МАТЕМАТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**Бисембаев А.Т.<sup>1</sup>**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты  
[anuarnic2015@gmail.com](mailto:anuarnic2015@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0001-8795-0700>

**Абылгазинова А.Т.<sup>1</sup>**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты  
[anuarnic2015@gmail.com](mailto:anuarnic2015@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0002-1562-2123>

**Сейтмуратов А.Е.<sup>2</sup>**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты  
[s.antuan59@gmail.com](mailto:s.antuan59@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0003-4197-033X>

**Назарбеков А.Б.<sup>1</sup>**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты  
[anuarnic2015@gmail.com](mailto:anuarnic2015@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0002-2790-7943>

<sup>1</sup> «Мал шаруашылығы және ветеринария ғылыми өндірістік орталығы» ЖШС  
Астана қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Шароле, Лимузин, Обрак және Волын тұқымдары Республикалық палатасы  
Астана қ., Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада ірі қара малының етті бағыттағы қалмақ тұқымының асыл тұқымдылық құндылығын индекстік бағалауда математикалық әдістерді қолдану нәтижелері баяндалған. Зерттеу нәтижелерін қорытындысы бойынша аналитикалық талдау жүйесінде тіркелген қалмақ тұқымы малдарының сипаттамалары зоотехникалық тіркеу деректерімен, олардың экономикалық пайдалы белгілері бойынша өнімділігінің генетикалық құндылығы алты көрсеткішпен: туған кездегі тірі салмағы; енесінен айырған кезіндегі тірі салмағы; он екі айлық айлық жасындағы тірі салмағы, сиырлардың сүттілігі және 5 жастағы тірілей салмағы анықталып, келтірілді.

Зерттеу барысында асыл тұқымдылық құндылығы индексі дәлдігінің нөлдік емес мәндерінің үлес салмағының жалпы өсуі, соңғы жылдары осы тұқымдардың тірі салмақтарының өнімді көрсеткіштерімен аналитикалық талдау жүйесіндегі деректер базасының неғұрлым толық және сапалы толтырылғанын көрсетті. Қалмақ тұқымы малының асыл тұқымдық құндылығының көрсеткіштерін математикалық әдістермен есептеу үшін тірі малдар мен олардың ата-тектерінің деректері қолданылды, яғни 67 346 бас мал, оның ішінде 13 570 бас малдың индекстерін (көрсеткіштерін) есептеуге мүмкіндік берді. Қалмақ тұқымының бұқашықтары мен қашарлары 210 күндік жасында жинаған орташа тірі салмағы бірінші және элита класс талаптарына сәйкес келетіні байқалды[2; 5].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей қалмақ тұқымы үшін 90% жағдайда туған кездегі тірі салмақ бойынша асыл тұқымдық құндылықтың математикалық есептік көрсеткіштерінің мәндері - 7,76-дан +10,95-ке дейінгі аралықта болды; емізу кезіндегі тірі салмақ үшін -27,27-ден +89,41-ге дейін; тірі салмақ бойынша жылына -160,48-дан +55,21-ге дейін болды. Ең үлкен (ең жақсы) және ең кіші (ең нашар) индекс мәндері есептелген бағалаулардың барлық жиынтығына қатысты 10% шекаралық интервалдарда болатынын көрсетті.

**Тірек сөздер:** асыл тұқымды құндылық индексі, тірілей салмақ, BLUP статистикалық әдісі, модель.

**Кіріспе.** Қазақстандағы етті бағыттағы ірі қара малының асыл тұқымдылық құндылығын бағалау және анықтау үшін қолданылатын математикалық әдістер мал шаруашылығы дамыған елдерде қолданылатын заманауи әдістерден артта қалып келеді. Малды жан-жақты бағалауда, яғни асыл тұқымдылық құндылықты анықтау және ірі қара малдың болжамды өнімділігін алу үшін индекстік бағалау жүргізе отырып, селекцияға ең перспективалы әдістерді енгізу қажет[1, 2, 3].

Ең алдымен, жануарлардың асыл тұқымдық құндылығын бағалау туралы шешім қабылдау қажет, өйткені оларды одан әрі жетілдіру компьютерлік және ақпараттық технологияларды және заманауи селекциялық әдістерді қолдана отырып, генотипті бағалаудың озық әдістерін қолдануды талап етеді. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс асыл тұқымды құндылықтың біркелкі көрсеткіштері негізінде жүргізілуге тиіс. Индекстік

балл негізінде олардың болжамды сипаттамаларын беретін ұрпақтардың көрсеткіштерін бағалауға болады [2, 4, 5].

Малдың асыл тұқымдық құндылығын есептеу, асыл тұқымды жас төлдерді бағып-күтуге кететін уақыт пен шығындарды қысқарту және табынды көбейтіп дамыту үшін ең жақсы малды ғана таңдау тек селекция арқылы мүмкін болады. Селекция арқылы қол жеткізуге болатын генетикалық өзгерістер толығымен дерлік таңдалған аталықтармен, сондай-ақ оларды қарқынды таңдау мүмкіндіктерімен анықталады [5, 6, 7].

Республиканың отандық ғалымдарының алдында тиімді селекциялық жұмысты құру арқылы отандық және импорттық малдың өнімділік және асыл тұқымдылық қасиеттерін сақтау және жақсарту міндеті тұр [8,9].

Мал шаруашылығындағы асыл тұқымды жұмыстардың мақсаты – малдардың генетикалық қорын өзгерту және олардың ерекшеліктерін жақсарту. Генефондты өзгерту құралы – бұл белгіні генетикалық деңгейде өзгертудің негізгі көрсеткіші ретінде өнімділікті пайдаланатын селекция. Малдың асыл тұқымдылық құндылығы – малдардың тұқым қуалаушылық белгілерін белгілі бір бағытта қалыптастыру және аталық бұқалардың асыл тұқымдылық құндылығын анықтау кезінде қажетті селекциялық белгілеріне қарай іріктеу мақсатында табын популяцияларын өсіру болып табылады [4, 6,7, 10,11].

Селекциялық-асыл тұқымдылық жұмыстар үшін өнімділігі жоғары аталықтарды таңдап алу қажет [5,12].

Бұқаларды ата-тегі мен ұрпақтарының өнімділігіне қарай сұрыптау арқылы бірте-бірте тұқым қуалайтын селекциялық белгіге сай мал табынын топтастыруда, яғни осы белгінің шоғырлануында оң рөл атқарады [6,8,13, 14].

Қазіргі кездегі өзекті мәселе – заманауи әдістерді кеңінен пайдалана отырып, асыл тұқымдылық құндылық пен болжамды өнімділікті бағалау және компьютерлік технологиялар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, етті ірі қара малын тиімдірек іріктеу үшін оларды жетілдіру мәселесін шешу.

Асыл тұқымды етті ірі қара мал басының көбеюі оның генетикалық жетілдірілуін және ұзақ уақыт бойы жоғары өсу қарқындылығын сақтап тұруын, оңтайлы тері асты қыртыс майы бар, ауыр салмақ беретін, репродуктивті қасиеттері жақсы және сүттілігі жоғары ірі малдарды құруды талап етеді [8,10,16,17].

Өнімділігі жоғары табындарды құрудың негізі еттілік қасиеттері анағұрлым айқын аталықтарды пайдалану және осы құнды қасиеттерді олардың ұрпақтарына тұрақты түрде беру болуы керек. Аталық бұқалардың асыл тұқымдылық құндылығы екі кезеңді бағалаумен сипатталады: өзінің өнімділігімен және ұрпақтың сапасымен. Осыған байланысты Қазақстандағы жоғары өнімді етті ірі қара малының үлес салмағының ұлғаюын ескере отырып, бұқаларды бағалаудың заманауи әдістерін жетілдіру және қолдану ғылым мен тәжірибенің өзекті мәселесі болып табылады [18,19, 20].

*Зерттеудің жаңалығы.* BLUP AM статистикалық әдісін қолдана отырып, Қазақстанның табиғи-климаттық жағдайында өсірілетін етті бағыттағы қалмақ тұқымының асыл тұқымды малдарының маңызды өнімділік сапаларын өсірудің генетикалық асыл тұқымдылық құндылығын бағалау үшін жануарлардың математикалық моделін (AM, Animal Model) әзірлеу және жануарлардың фенотиптік көрсеткіштері мен өнімділігіне әсер етудің әртүрлі факторлары, оларды бағалаудың индекстік шкаласын рейтингке келтіру және ең жақсы малды іріктеу.

*Зерттеудің мақсаты.* Қалмақ тұқымының экономикалық пайдалы қасиеттерін индекстік бағалауды математикалық әдісімен жақсарту.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу отандық ірі қара малының асыл тұқымдық құндылығын бағалау, мал өнімділігін ерте болжау және етті мал шаруашылығында асылдандыру процесінің сапасын арттыру, асыл тұқымды бұқалардың шығу тегінің сенімділігін анықтау мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Зерттеу жұмыстары 2022 жылы ҚР АШМ мақсатты қаржыландыру бағдарламасының «Етті ірі қара мал шаруашылығында генетикалық ресурстарды сақтау және жетілдірудің селекциялық үдерісін тиімді басқару технологияларын әзірлеу» тақырыбының «Етті ірі қара мал шаруашылығында генетикалық ресурстарды жақсарту» іс-шарасы аясында атқарылды.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу нысаны ретінде Қазақстанның қалмақ тұқымының асыл тұқымды ірі қара малдары алынды.

Генетикалық сапаларды бағалау – етті бағыттағы ірі қара малдың генетикалық асыл тұқымдық құндылығын индекстік бағалау үздік сызықтық бейтарап болжау әдісі – BLUP (Best Linear Unbiased Prediction) арқылы жүргізілді.

Ол үшін әрбір есептелген өнімділік белгісі бойынша жануарлардың аралас сызықтық биометриялық үлгілері (АМ/МБМ) құрастырылды: туған кездегі тірі салмақ, емізу кезіндегі тірі салмақ, бұзауды емізу кезіндегі сиырлардың сүт өнімділігі, бір жастағы тірі салмақ. Бұл модельдер көптеген факторлар мен әсерлердің есептелген өнімділік қасиетіне қосқан үлесін ескерді: тіркелген және генетикалық әсерлер, қоршаған орта факторлары, маусымдық факторлар, кездейсоқ және есепке алынбаған әсерлер. Модельге енгізілген барлық факторлардың әсері есептеулер барысында бір уақытта ескерілді.

BLUP әдісі АСЖ деректер базасында тіркелген шаруа қожалықтарының қалмақ тұқымды асыл тұқымды ірі қара малының өнімділігі мен зоотехникалық оқиғалары туралы мәліметтер негізінде жүргізілді. BLUP әдісімен бағалау үшін етті бағыттағы ірі қара малдың өнімділігінің бастапқы көрсеткіштері: туғандағы тірі салмағы, енесінен айырған кездегі тірі салмағы, бір жастағы тірі салмағы, 5 жастағы сақа сиырлардың сүт өнімділігі мен орташа тәуліктік өсімі бойынша бағаланды. БКпал етудің тұрақты әсерлері ескерілді: шаруа қожалықтары мен фермалардағы жеке тұлғалардың мазмұнындағы айырмашылықтар; төлдеу жылдары мен маусымдары; бұзаулардың жынысы мен жас тобы; ананың жасы; туу түрі (жалғыз, егіз). Малдың биометриялық үлгісінде үш атаға дейін алынған ұрпақтардағы ата-аналық қасиеттерге байланысты аддитивті генетикалық әсерлер, жануардың жынысы, табын әсерлері, туған жылы мен маусымының әсері ескерілді.

Асыл тұқымды малдың сызықтық биометриялық моделі (Animal Model) төменде келтірілген теңдік бойынша анықталды:

$$y_{ijklm} = \mu + a_i + s_j + d_k + h_l + pm + e_{ijklm}, \quad (1),$$

мұндағы  $y_{ijklm}$  өнімділік белгілері, біздің жағдайда: туған кезіндегі тірі салмағы, енесінен айырған кезіндегі тірі салмағы, 12 айлық жасындағы тірі салмағы;

$\mu$  – барлық жануарлар үшін жалпы орташа көрсеткіш;

$a_i$  – бағаланған бұзаудың тұқымдық тегі бойынша генетикалық әсері;

$s_j$  – жас төлдердің жынысына қарай тірі салмақ ерекшеліктері;

$d_k$  – туғандағы тірі салмағы;

$h_l$  – табын бойынша орташа тірі салмақ;

$pm$  – бағып-күту, азықтандыру жағдайлары бірдей асыл тұқымды топтар;

$e_{ijklm}$  - есепке алынбаған факторлардың әсерінен болатын модель қатесі.

Есептеулерде пайдаланылған тұқым қуалаушылық коэффициенттерінің мәндері 1-кестеде көрсетілген.

**1-кесте – Асыл тұқымды белгілердің тұқым қуалаушылық коэффициенттері,  $h^2$**

№	Тұқым	Туған кездегі тірі салмағы, $h^2$	Енесінен айыру кезіндегі тірі салмақ, $h^2$	Бір жастағы тірі салмақ, $h^2$	Ересе қалмақтың тірі салмағы, $h^2$
1	Қалмақ тұқымы	0,32	0,12	0,17	0,31

**Зерттеу нәтижелері.** BLUP әдісін қолдана отырып, малдардың биометриялық

үлгілерінің сызықтық теңдеулерін шешу нәтижесінде (АМ/ММБ), АТЖ-да малдар тұқымдарының топтардың оқиғаларын зоотехникалық тіркеу деректері бойынша қалмақ тұқымы малдарының шаруашылықтық пайдалы белгілері бойынша өнімділігінің генетикалық құндылығы: туған кездегі тірі салмағы; енесінен айырған кездегі тірі салмағы; сиырлардың сүттілігі және бір жастағы тірі салмағы алынды. Сондай-ақ сынақ есептеулері ретінде тірі салмақтың орташа тәуліктік өсіміне генетикалық бағалау жүргізілді; суалту кезеңінде (SP 0-205); бұзауды енесінен айыру уақытында (СП 205-12); туғаннан суалтуға дейінгі кезеңде (SP 0-12).

Етті бағыттағы қалмақ тұқымы малының асыл тұқымдық құндылығының көрсеткіштерін есептеу үшін тірі малдар мен олардың ата-тектерінің деректері қолданылды, яғни 67 346 бас мал, оның ішінде 13 570 бас малдың индекстерін (көрсеткіштерін) есептеуге мүмкіндік берді.

2-кестеде қалмақ тұқымы малының асыл тұқымды құндылық индексін есептеу үшін пайдаланылған аналитикалық талдау жүйесі деректер базасында тіркелген малдардың саны бойынша шаруашылықтардың сандық мәліметтері келтірілді.

### 2-кесте – АСЖ деректер базасында тіркелген мал саны бойынша шаруашылықтар саны

№	Шаруашылықтағы мал басының ауқымы, басы	Қалмақ тұқымы шаруа қожалықтарының саны
1	10 000 жоғары	2
2	от 5 000 до 10 000	1
3	от 1 000 до 5 000	9
4	от 500 до 1 000	23
5	от 200 до 500	16
6	от 100 до 200	6
7	100 кем	111
Барлық шаруа қожалықтары:		168

Кестеден көріп отырғанымыздай, асыл тұқымды құндылық индексін есептеу үшін 168 шаруа қожалықтарында өсірілетін мал басының сандық өсімі бойынша мәліметтер пайдаланылды. Аталмыш тұқым бойынша 111 шаруа қожалықтарда мал саны 100 бастан кем өсіретіні, ал 500-ден 1000 басқа дейін 23 шаруашылықта өсірілетіні және 200-ден 500-ге дейін 16 шаруа қожалықтарында бағып-күтілетіні анықталды.

Етті бағыттағы қалмақ тұқымының жастөлдерінің нақты өнімділігінің орташа көрсеткіштерінің жалпы статистикалық мәліметтер 3-кестеде келтірілген.

### 3-кесте – Әр кезендерде тіркелген табындағы жас төлдердің орташа тірлей салмағы, кг

Тұқым, жыныстық-жастық топ	Туған кездегі тірі салмақ, кг		Енесінен айыру кезіндегі тірі салмақ 210 күнде, кг		365 күндегі тірі салмақ, кг	
	n	M ± m	n	M ± m	n	M ± m
Бұқашықтар	4 436	25,56±0,05	4 256	182,76±0,31	3 128	305,32±0,36
Қашарлар	10 186	23,93±0,03	12 543	173,08±0,18	8 226	274,84±0,25

3 кестеден көріп отырғанымыздай, қалмақ тұқымының бұқашықтары мен қашарлары 210 күндік жасындағы орташа тірі салмағы I және элита класс талаптарына сәйкес келетіні анықталды. Биометриялық үлгіге сәйкес BLUP әдісін қолдана отырып, қалмақ тұқымының малдарының асыл тұқымдық құндылық көрсеткіштерін есептеу нәтижелері бойынша алынған АТҚИ жиілік таралу кестелері пайыздық кестелер түрінде

құрастырылды, олар 4 кестеде көрсетілген.

4-кестеде көрсетілген пайыздық үлес индекс мәндерінің 5 және 10% үлестік үлестірімдерін сипаттайды. Сонымен, қалмақ тұқымы үшін 90% жағдайда туған кездегі тірі салмақ бойынша асыл тұқымдық құндылықтың есептік көрсеткіштерінің мәндері - 7,76-дан +10,95-ке дейінгі аралықта болды; емізу кезіндегі тірі салмақ үшін -27,27-ден +89,41-ге дейін; тірі салмақ бойынша жылына -17,49-дан +31,78-ге дейін. Ең үлкен (ең жақсы) және ең кіші (ең нашар) индекс мәндері есептелген бағалаулардың барлық жиынтығына қатысты 10% шекаралық интервалдарда болатынын көруге болады.

**4-кесте – Қалмақ тұқымды малдардың өнімділік көрсеткіштерінің есептелген АТҚИ мәндерінің пайыздық үлестері бойынша бөлу**

Процентиль	Тірі салмағы, кг			сиырдың сүттілігі	ересек мал
	туғанда	енесінің айыру	12 айлығында		
0%	-7,76	+89,41	+55,21	+31,78	+53,35
5%	-1,13	+2,36	+3,90	+1,85	+3,89
10%	-0,50	+0,91	+2,32	+0,95	+2,33
20%	-0,19	+0,30	+0,89	+0,33	+0,91
30%	-0,10	+0,13	+0,34	+0,09	+0,35
40%	-0,03	+0,06	+0,12	0,00	+0,12
50%	0,00	0,00	0,00	0,00	0,00
60%	+0,07	-0,08	-0,10	0,00	-0,11
70%	+0,15	-0,20	-0,32	-0,07	-0,33
80%	+0,24	-0,44	-0,78	-0,30	-0,79
90%	+0,51	-1,03	-2,04	-0,97	-2,02
95%	+0,87	-1,96	-3,09	-1,89	-3,17
100%	+10,95	-27,27	-160,48	-17,49	-153,66
Минимум	-7,76	-27,27	-160,48	-17,49	-153,66
Максимум	+10,95	+89,41	+55,21	+31,78	+53,35

Асыл тұқымдық құндылық көрсеткіштерін есептеу үдерісінде алынған генетикалық бағалауларға сенімділік дәрежесін бағалай отырып, олардың дәлдіктері алынды. Процентиль бойынша есептелген асыл тұқымды құндылық көрсеткіштерінің дәлдік үлестірімінің кестелік көрінісі 5-6-кестелерде көрсетілген.

6-кестеде келтірілген қалмақ тұқымы малдарының өнімділік көрсеткіштері бойынша 2022 жылғы есептелген АТҚИ бойынша дәлдіктердің үлестік үлестіруінде сиыр сүт өнімділігінде нөлдік мәндері бар екенін көруге болады. Ересек жануардың тірі салмағы АТҚИ дәлдігінің нөлдік емес мәндерінің үлес салмағының жалпы өсуі соңғы жылдары осы тұқымдардың тірі салмақтары көрсеткіштерімен АСЖ деректер базасының неғұрлым толық және сапалы толтырылғанын көрсетеді.

5-кесте – Қалмақ тұқымды малдардың тірі салмағын өз есептерінің нәтижелері бойынша индекстік бағалау нәтижелері

№ р/р	Малдардың сәйкестендіру нөмірі	Туған жылы	Тірілей салмақ, кг					Туған кездегі есептелген тірі салмақ		Енесінің айырған кезіндегі тірі салмақты бағалау		12 айлық жастағы тірі салмақты бағалау	
			туылғанда	енесінің айырған да	210 күнге түзетілген	бір жылына	365 күнге түзетілген	АТҚИ	дәлдік	АТҚИ	дәлдік	АТҚИ	дәлдік
Бұқашықтар													
1	145553583	2019	25	25	179	179	319	319	0,01	0,028	0,06	0,062	0,16
2	145553507	2019	26	26	181	181	320	320	0,03	0,028	0,12	0,062	0,33
3	145553887	2019	26	26	180	180	320	320	0,03	0,028	0,12	0,062	0,33
4	136185956	2019	23	23	178	178	286	286	-0,31	0,028	-1,37	0,062	-3,73
5	136185984	2019	22	22	191	191	286	286	-0,31	0,028	-1,37	0,062	-3,73
6	183806809	2020	25	25	211	211	295	295	0,09	0,029	0,41	0,063	1,11
7	183811101	2020	25	25	190	190	270	270	-0,16	0,028	-0,73	0,060	-1,97
8	183604985	2020	30	30	195	195	314	314	0,35	0,029	1,60	0,063	4,34
9	183876986	2020	29	29	228	228	335	335	0,52	0,029	2,35	0,063	6,37
10	183876997	2020	31	31	182	182	315	315	0,24	0,028	1,08	0,062	2,94
Қашарлар													
1	6832674	2018	23	178	343,9	274	278,9	1,36	0,519	4,33	0,293	4,41	0,356
2	6832676	2018	25	179	345,5	274	278,9	0,39	0,517	1,85	0,283	6,90	0,351
3	6832679	2018	26	178	343,3	274	278,7	1,53	0,516	1,18	0,281	6,31	0,340
4	6833081	2018	23	182	351,2	274	278,7	1,39	0,520	1,31	0,293	14,44	0,350
5	6833082	2018	25	180	347,7	276	280,9	1,30	0,498	1,32	0,241	6,90	0,309
6	8130054	2019	26	161	295,6	277	275,8	0,12	0,519	0,89	0,282	4,66	0,352
7	8130056	2019	25	160	293,9	276	274,9	1,12	0,526	5,04	0,297	-5,63	0,358
8	8130059	2019	27	160	293,7	275	273,9	0,36	0,525	2,96	0,288	0,60	0,353
9	8130063	2019	24	159	292,0	275	273,9	0,22	0,526	-0,49	0,291	-3,73	0,356
10	8130067	2019	24	160	294,1	276	275,0	0,30	0,523	1,13	0,284	-0,32	0,349

**6-кесте – Қалмақ тұқымды малдардың өнімділік көрсеткіштерінің АТҚИ бойынша есептелген дәлдіктердің пайыздық таралуы**

Процентиль	Тірі салмақтағы АТҚИ дәлдігі, кг			Сиыр сүтінің АТҚИ дәлдігі	Ересек малдардың АТҚИ дәлдігі
	туғанда	енесінің айыру	12 айлығында		
100%	0,872	0,695	0,756	0,474	0,437
95%	0,483	0,243	0,309	0,194	0,288
90%	0,472	0,221	0,282	0,176	0,287
80%	0,455	0,191	0,236	0,149	0,235
70%	0,430	0,165	0,169	0,106	0,190
60%	0,346	0,123	0,163	0,103	0,072
50%	0,149	0,063	0,092	0,066	0,072
40%	0,148	0,050	0,052	0,039	0,049
30%	0,144	0,032	0,050	0,031	0,043
20%	0,094	0,032	0,036	0,023	0,000
10%	0,028	0,025	0,014	0,011	0,000
5%	0,023	0,018	0,011	0,008	0,000
0%	0	0	0	0	0

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижелерін қорытындысы бойынша АТЖ-да тіркелген қалмақ тұқымы малдарының аналитикалық талдау базасындағы зоотехникалық тіркеу деректерімен, олардың шаруашылықтық пайдалы белгілері бойынша өнімділігінің генетикалық бағасы: туған кездегі тірі салмақ; енесінен айырған кезіндегі тірі салмағы; 12 айлық жасындағы тірі салмағы, сиырлардың сүттілігі және 5 жастағы дене салмағы анықталды. АТҚИ дәлдігінің нөлдік емес мәндерінің үлес салмағының жалпы өсуі соңғы жылдары осы тұқымдардың тірі салмақтарының өнімді көрсеткіштерімен АСЖ деректер базасының неғұрлым толық және сапалы толтырылғанын көрсетті.

Етті бағыттағы қалмақ тұқымы малының асыл тұқымдық құндылығының көрсеткіштерін есептеу үшін тірі малдар мен олардың ата-тектерінің деректері қолданылды, яғни 67 346 бас мал, оның ішінде 13 570 бас малдың индекстерін (көрсеткіштерін) есептеуге мүмкіндік берді. Қалмақ тұқымының бұқашықтары мен қашарлары 210 күндік жасында жинаған орташа тірі салмағы I және элита класс талаптарына сәйкес келді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей қалмақ тұқымы үшін 90% жағдайда туған кездегі тірі салмақ бойынша асыл тұқымдық құндылықтың есептік көрсеткіштерінің мәндері - 7,76-дан +10,95-ке дейінгі аралықта болды; емізу кезіндегі тірі салмақ үшін -27,27-ден +89,41-ге дейін; тірі салмақ бойынша жылына -160,48-дан +55,21-ге дейін болды. Ең үлкен (ең жақсы) және ең кіші (ең нашар) индекс мәндері есептелген бағалаулардың барлық жиынтығына қатысты 10% шекаралық интервалдарда болатынын көрсетті.

**Әдебиеттер:**

[1] Сатыгул, С.Ш., Исабеков К.И., Сагинбаев А.К., Амантай Ж.Т. К вопросу оценки племенной ценности животных в странах с высокоразвитым молочным скотоводством. // Аналитический обзор. Астана, 2009. – 64 с.

[2] Тореханов, А.А., Исабеков К.И., Карымсаков Т.Н., Алмантай Ж.Т. Актуальные вопросы селекции в молочном скотоводстве. // Книга, Астана. – «Нур-Принт», 2010. – 169 с.

[3] Grisart, B. Genetic and functional confirmation of the causality of the DGAT1 K232A quantitative trait nucleotide in affecting milk yield and composition // Proc. Natl. Acad. Sci. USA, 101 (2004), p. 2398–2403.

[4] Su, G. Preliminary investigation on reliability of genomic estimated breeding values in the Danish Holstein population // Journal of Dairy Science, 93 (2010), p. 1175–1183.

[5] Кузнецов, В.М. Стратегия развития генетической оценки животных в XXI веке. «Здоровье-питание-биологические ресурсы». // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 125-летию со дня рождения Н.В. Рудницкого. Киров: НИИСХСеверо-

Востока, 2002. – Т.2. – С.299. – 310.

[6] **Fuerst-Waltl, B.** Effect of Maternal Age on Milk Production Traits, Fertility, and Longevity in Cattle // *Journal of Dairy Science* Vol. 87, Issue 7, Pages 2293-2298, July, 2004.

[7] **Garrick, D.J.** Deregressing estimated breeding values and weighting information for genomic regression analyses // *Sel. Evol.*, 41, (2009), p. 55.

[8] **Браде, В.** Геномная селекция: революция в племенном деле, Новое сельское хозяйство. // *Журнал Агро менеджера*, – 2011. – № 4. – С. 66-67.

[9] **Forni, S.** Different genomic relationship matrices for single-step analysis using phenotypic, pedigree and genomic information // *Genet.Sel.Evol.*,43 (2011), p. 1.

[10] **VanRaden, P.M.** International genomicevaluation methods for dairy cattle // *Genet. Sel. Evol.*, 42, (2010), p. 7.

[11] **Strandén, I.** A recipe for multiple trait deregression. // *InterbullBull.*, 42 (2010), p. 21–24.

[12] **Лебедько, Е.Я.** Определение живой массы сельскохозяйственных животных по промерам. // *Практическое руководство*. - М.: ООО «Аквариум-Принт», 2006. – 48 с: ил.

[13] **Fox, D.G.,** Tedeschi L.O. and Guiroy P.J., “Determining feed intake and feed efficiency of individual cattle fed in groups” // *Beef Improvement Federation Meet Proc.*, San Antonio, Texas, 2001, Pages 80-98.

[14] Agri-facts [Text]://Practical Information for Alberta’s Agriculture Industry (2006), <https://open.alberta.ca/dataset/91a77dec-f0a4-49c2-8c54-f172fe568e2c/resource/721e982c-b90f-4605-9de0-a3b8bb312b1f/download/2006-420-11-1.pdf>, accessed October 9, 2018.

[15] **Mao, F.,** Chen L., Vinsky M., Okine E., Wang Z., Basarab J., Crews D., and C. Li. Phenotypic and genetic relationships of feed efficiency with growth performance, ultrasound, and carcass merit traits in angus and charolais steers // *Journal Anim. Sci*, 2013. 91(5): 2067-2076. doi: 10.2527/jas.2012-5470.

[16] **Kelly, J.E.** Impact of residual feed intake classification and management regimen on feedlot growth performance, carcass traits, and meat quality in beef cattle // *Master's thesis*, University of Guelph, 2015.

[17] **Сервах, Б.А.,** Примак В.А. Совершенствование экстерьерной оценки за счет дополнительных признаков. // *Журнал «Зоотехния»*, – 2009. – № 12. – С. 2-4.

[18] 574-indeksnaya-ocenka-plemennoy-cennosti-molochnogo-skota.html. // Версия 4, от 4 мая, 2010 г. ICAR Conformation Working Group.

[19] **Henderson, C.R.** Use of All Relatives in Intraherd Prediction of Breeding Values and Producing Abilities // *Department of Animal Science, Cornell University, Ithaca NY* p. 14853.

[20] **Сейтмуратов, А.Е.,** Исакова Д.М., Мороз Ж.А., Жали С.Т. Экономическая эффективность выращивания племенных бычков аулиекольской породы в ТОО «Москалевское» // «Ғылым және білім» научно-практический журнал ЗКАТУ им. Жангир хана, № 3-1, 2020. – С.114-119.

## References:

[1] **Satygul, S.Sh.,** Isabekov K.I., Saginbaev A.K., Amantai Z.T. On the issue of assessing the values of animals in countries with highly developed dairy cattle breeding // *Analyti coverview*. Astana, 2009. – 64 p.

[2] **Torekhanov, A.A.,** Isabekov K.I., Karymsakov T.N., Almantay Z.T. Current issues of breeding in dairy cattle breeding. // *Book*, Astana. – "Nur-Print", 2010. – 169 p.

[3] **Grisart, V.,** Genetic and functional confirmation of the causality of the DGAT1 K232A quantitative trait nucleotide in affecting milk yield and composition. // *Proc. Natl. Acad. Sci. USA*, 101 (2004), p. 2398–2403.

[4] **Su, G.,** Preliminary investigation on reliability of genomic estimated breeding values in the Danish Holstein population. // *Journal of Dairy Science*, 93 (2010), p. 1175–1183.

[5] **Kuznetsov, V.M.** Strategy for the development of genetic evaluation of animals in the 21st century. "Health-food-biological resources" // *Materials of the international scientific-practical conference dedicated to the 125th anniversary of N.V. Rudnitskogo*. Kirov: NIISH Severo-Vostoka, 2002. – Т.2. – С. 299. – 310.

[6] **Fuerst-Waltl, V.** Effect of Maternal Age on Milk Production Traits, Fertility, and Longevity in Cattle // *Journal of Dairy Science* Vol. 87, Issue 7, Pages 2293-2298, July, 2004.

[7] **Garrick, D.J.** Deregressing estimated breeding values and weighting information for genomic



regression analyses. // Sel. Evol., 41, (2009), p. 55.

[8] **Brade, V.** Genomic selection: revolution in tribal affairs, new agriculture // Journal Agro manager, – 2011. – No. 4. – S. 66-67.

[9] **Forni, S.**, Different genomic relationship matrices for single-step analysis using phenotypic, pedigree and genomic information. //Genet.Sel.Evol.,43 (2011), p. 1.

[10] **VanRaden, P.M.** International genomic evaluation methods for dairy cattle. // Genet. Sel. Evol., 42, (2010), p. 7.

[11] **Strandén, I.** A recipe for multiple trait regression. // InterbullBull., 42, (2010), p. 21–24.

[12] **Lebedko, E.Ya.** Determination of live weight of agricultural animals by measurements // Practical guide. - M.: LLC "Aquarium-Print", 2006. – 48 p.: ill.

[13] **Fox, D.G.**, Tedeschi L.O. and Guiroy P.J., "Determining feed intake and feed efficiency of individual cattle fed in groups". // Beef Improvement Federation Meet Proc., San Antonio, Texas, 2001, Pages 80-98.

[14] Agri-facts [Text]://Practical Information for Alberta's Agriculture Industry (2006), <https://open.alberta.ca/dataset/91a77dec-f0a4-49c2-8c54-f172fe568e2c/resource/721e982c-b90f-4605-9de0-a3b8bb312b1f/download/2006-420-11-1.pdf>, accessed October 9, 2018.

[15] **Mao, F.**, Chen L., Vinsky M., Okine E., Wang Z., Basarab J., Crews D., and Li C.. Phenotypic and genetic relationships of feed efficiency with growth performance, ultrasound, and carcass merit traits in Angus and Charolais steers. // JournalAnim. Sci. 2013. 91(5): 2067-2076. doi: 10.2527/jas.2012-5470.

[16] **Kelly, J.E.** Impact of residual feed intake classification and management regimen on feedlot growth performance, carcass traits, and meat quality in beef cattle. // Master's thesis, University of Guelph, 2015.

[17] **Servakh, B.A.**, Primak V.A. Improvement of exterior evaluation due to additional features. // Journal "Zootechnia", – 2009. – No. 12. – S. 2-4.

[18] 574-indeksnaya-ocenka-plemenny-ocenki-molochnoy-skota.html. [Text]: // Version 4, published on May 4, 2010. ICAR Conformation Working Group.

[19] **Henderson, C.R.**, Use of All Relatives in Intraherd Prediction of Breeding Values and Producing Abilities. // Department of Animal Science, Cornell University, Ithaca NY r. 14853.

[20] **Seitmuratov, A.E.**, Iskakova D.M., Moroz Z.A., Zhali S.T. The economic efficiency of growing breeding bulls of the Auliekol breed in Moskalevsky LLP // "Science and Education" scientific and practical journal ZKATU. ZhangirKhana, No. 3-1, 2020. – P.114-119.

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МАТЕМАТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРИ ОЦЕНКЕ ПЛЕМЕННОЙ ЦЕННОСТИ КАЛМЫЦКОЙ ПОРОДЫ

**Бисембаев А.Т.<sup>1</sup>**, кандидат сельскохозяйственных наук  
**Абылгазинова А.Т.<sup>1</sup>**, кандидат сельскохозяйственных наук  
**Сейтмуратов А.Е.<sup>2</sup>**, кандидат сельскохозяйственных наук  
**Назарбеков А.Б.<sup>1</sup>**, кандидат сельскохозяйственных наук

<sup>1</sup> ТОО «Научно-производственный центр животноводства и ветеринарии»,  
г. Астана, Казахстан

<sup>2</sup> Республиканская палата по породам Шароле, Лимузин, Обрак и Волынская  
г. Астана, Казахстан

**Аннотация.** В статье представлены результаты индексной оценки племенной ценности калмыцкой породы. По результатам исследований с данными зоотехнического учета животных калмыцкой породы, зарегистрированных в Государственной службе сельскохозяйственных исследований, проведена генетическая оценка их продуктивности по хозяйственно-полезным признакам: живой массе при рождении; живой вес на момент утраты; определяли живую массу в 12-месячном возрасте, удой коров и живую массу в 5-летнем возрасте. Общий рост доли ненулевых значений точности ИПЦ показал, что база данных ИАС более полно и качественно наполнена продуктивными показателями живой массы этих пород в последние годы.

Для расчета показателей племенной ценности калмыцкого скота мясной направленности использованы данные живых животных и их предков, то есть 67 346 голов крупного рогатого скота, в том числе 13570 голов крупного рогатого скота, позволивших рассчитать индексы

(показатели).

По результатам исследования значения расчетных показателей племенной ценности живой массы при рождении для калмыцкой породы в 90 % случаев колебались в пределах от -7,76 до +10,95; от -27,27 до +89,41 живой массы в период лактации; живая масса была от -160,48 до +55,21 в год. Он показал, что наибольшее (наилучшее) и наименьшее (наихудшее) значения индекса находятся в пределах 10% граничных интервалов для всей совокупности рассчитанных оценок.

**Ключевые слова:** индекс племенной ценности, живая масса, статистический метод BLUP, модель.

## APPLICATION OF MATHEMATICAL METHODS IN ASSESSING THE BREEDING VALUE OF CATTLE OF THE KALMYK BREED

**Bissembayev A.T.**<sup>1</sup>, Candidate of sciences agricultural

**Abylgazinova A.T.**<sup>1</sup>, Candidate of sciences agricultural

**Seitmuranov A.E.**<sup>2</sup>, Candidate of sciences agricultural

**Nazarbekov A.B.**<sup>1</sup>, Candidate of sciences agricultural

<sup>1</sup> LLP "Scientific and Production Center for animal Husbandry and Veterinary"

Astana city, Kazakhstan

<sup>2</sup> Republican Chamber for Charolais, Limousine, Aubrac and Volyn breeds

Astana city, Kazakhstan

**Annotation.** The article presents the results of the breeding value index of the Kalmyk breed. According to the results of studies with the data of zootechnical records of animals of the Kalmyk breed, registered with the State Agricultural Research Service, a genetic assessment of their productivity was carried out according to economically useful traits: live weight at birth; live weight at the time of loss; live weight at 12 months of age, cow milk yield and live weight at 5 years of age were determined. The overall increase in the proportion of non-zero DVI accuracy values showed that the IAS database is more fully and qualitatively filled with productive live weight indicators of these breeds in recent years. Data of live animals and their progenitors were used to calculate indicators of breeding value of meat-oriented Kalmyk cattle, i.e., 67,346 head of cattle, including 13,570 head of cattle allowed to calculate indices (indicators). The average live weight of Kalmak bulls and heifers in 210 days meets the requirements of I and elite class.

According to the results of the study, the estimated values of breeding value for the Kalmyk breed in 90% of cases by live weight at birth ranged from -7.76 to +10.95; from -27.27 to +89.41 for live weight during lactation; live weight was from -160.48 to +55.21 per year. It showed that the largest (best) and smallest (worst) index values are within the 10% boundary intervals for the entire set of calculated estimates.

**Keywords:** breeding value index, live weight, BLUP statistical method, model.

## ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ЖӘНЕ ӘУЛИЕКӨЛ ТҰҚЫМДЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ БЕЛГІЛЕРІНІҢ ГЕНДІК ҚҰРЫЛЫМЫ<sup>1</sup>

Шәмшідін Ә.С.<sup>1</sup>, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты

[270180@mail.ru](mailto:270180@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5457-1720>

Бейшова И.С.<sup>1</sup>, биология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор

[indira\\_bei@mail.ru](mailto:indira_bei@mail.ru), <https://orcid.org/0000-0001-5293-2190>

Белая Е.В.<sup>2</sup>, биология ғылымдарының кандидаты, доцент

[kolyuchka005@rambler.ru](mailto:kolyuchka005@rambler.ru), <https://orcid.org/0000-0003-1786-0341>

Ковальчук А.М.<sup>1</sup>, биология ғылымдарының кандидаты

[2020amk@bk.ru](mailto:2020amk@bk.ru), <https://orcid.org/0000-0002-4106-4954>

Ульянова Т.В.<sup>1</sup>, PhD

[tatyana.poddudinskaya@gmail.com](mailto:tatyana.poddudinskaya@gmail.com), <https://orcid.org/0000-0002-4814-2601>

<sup>1</sup> Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,  
Орал қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Максим Танк атындағы Беларусь мемлекеттік педагогикалық университеті  
Минск қ., Беларусь

**Андатпа.** Мақалада: қазақтың ақбас ірі қара мал тұқымының бұқашықтары және «Москалевское» ЖШС, «АФ Диевское» ЖШС, 497 бас әуликөл ірі қара мал тұқымының бұқашықтары туралы айтылған. Ірі қара малының ет өнімділігінің генетикалық негізін анықтау мал шаруашылығы үшін маңызды. Бұл мақаланың мақсаты – қазақтың ақбас және әуликөл тұқым малының ет өнімділігі негізінде жатқан генетикалық құрылымға жан-жақты шолу жасау, гендер арасындағы күрделі өзара әрекеттесуді түсіндіру. Алдыңғы зерттеулерді талдай және қорытындылай келе, кемшіліктер анықталып, болашақ зерттеулерге бағыттар ұсынылды. Мақалада қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарының ет өнімділігін қалыптастыру кезінде әртүрлі гендердің қатысуы туралы ақпарат берілген. Қазақтың ақбас ірі қара мал бұзауларының тірі салмағының гендік құрылымы – ADGRL2, ADAM22 және VTI1A, ал әуликөл тұқымы INSR, OSBPL10, MAPK10, INSC, PLSCR2, HSP90AA1, SLC4A4, SCAF8, EPN2, ALDH5A1, PIGR, NIPAL1, WDR20, ADGB, WDR20 және CARD10 гендерінен тұрады. Олар арқылы жүретін биологиялық процестердің ішінде жасушалық процестер басым (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл ірі қара мал тұқымдарында 25,0 және 28,5%); биологиялық реттеу процестері (12,50% және 21,43%), жасушаларды оқшаулау процестері (12,50% және 17,86%), даму процестері мен сигналинг біршама төмен деңгейде (12,5% және 10,71%) болды.

Бұл мақала ауыл шаруашылығы малының генетикасымен айналысатын ғылыми қауымдастық үшін қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарының ет өнімділігін қалыптастыруды оңтайландыру үшін мақсатты стратегияларын әзірлеуге көмектесетін құнды дереккөз болып табылады.

**Тірек сөздер:** қазақтың ақбас ірі қара мал тұқымы, әуликөл ірі қара мал тұқымы, гендер, гендік құрылым, ет өнімділігі

**Кіріспе.** Жоғары сапалы етке әлемдік сұраныс өсуде. Бұл мал шаруашылығының тұрақты және тиімді жүйелерін құруды талап етеді. Бұл тұрғыда геномдық селекция ірі қара малдың ет өнімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Өсу, бұлшықеттің дамуы, ұшаның құрамы және ет сапасы сияқты күрделі белгілердің генетикалық құрылымы көптеген гендердің, реттеуші элементтердің және қоршаған орта факторларының күрделі өзара әрекеттесуін қамтиды. Тиімді селекциялық бағдарламаларды жүзеге асыру және ет өнімділігінің қажетті нәтижелеріне қол жеткізуде негізгі генетикалық механизмдерді түсінудің маңызы зор.

Төлдің өсу қарқыны мал шаруашылығының тиімділігіне әсер етіп, малдың ет өнімділігін қалыптастыратын негізгі селекциялық белгінің бірі болып табылады. Әртүрлі

зерттеулер өсу жылдамдығының генетикалық құрылымын ашуға бағытталған, бұл негізгі гендердің де, полигендік әсерлердің де үлесін көрсетеді. Мысалы, Crispin A. C. et al. брахман тұқымы ірі қара малының өсу қарқынына байланысты сандық белгілердің негізгі локустары анықталды, бұл белгінің генетикалық детерминанттары туралы құнды ақпарат береді [1]. Сонымен қатар, кандидат-гендерді анықтау тәсілдерін қамтитын генетикалық зерттеулер ірі қара малдың өсу жылдамдығын реттеудің генетика-молекулалық жолдарын ашуға негіз болды.

Бұлшықеттің дамуы және ұшаның құрамы ет өнімділігін анықтайтын маңызды факторлар болып табылады. Бұл белгілерге генетикалық және қоршаған орта факторларының күрделі өзара әрекеттесуі әсер етеді. Соңғы зерттеулер бұлшықет дамуында шешуші рөл атқаратын және ақырында ұша құрамына әсер ететін миостатин сияқты арнайы гендерді анықтады [2, 3]. Сонымен қатар, толық геномдық ассоциациялық зерттеулер мен геномдық селекция осы белгілермен байланысты генетикалық нұсқаларды тереңірек түсінуге, бұл геномдық селекция үшін молекулалық құралдарды жасауға мүмкіндік берді [4].

Ет сапасының көрсеткіштері тұтынушылардың сұраныстарына байланысты нәзіктік, мәрмәрлік, шырындылық және дәмді қоса алғанда, бірқатар сипаттамаларды қамтиды. Ет сапасының генетикалық құрылымын түсіну жоғары сапалы ет өнімдерін өндіру үшін өте маңызды. Ол үшін зерттеулер ірі қара етінің сапалық сипаттамаларының молекулалық негізін ашу үшін транскриптомика, протеомика және метаболомика әдістерін пайдаланады. Бірнеше зерттеулер ет сапасының белгілерімен байланысты кандидат-гендерді анықтады, бұл қажетті белгілері бар маркерлер мен геномдық іріктеу стратегияларын пайдалана отырып іріктеуге жол ашты [5, 6].

Ет өнімділігі белгілерінің генетикалық құрылымы жануар геномымен қоршаған ортамен өзара әрекеттесуіне де байланысты өзгеріп отырады. Азықтандыру, бағып-күту жағдайлары және стресс сияқты қоршаған орта факторлары ет өнімділігіне байланысты гендердің экспрессиясын модуляциялауда маңызды рөл атқарады [7]. Осы бағыттағы зерттеулер ет өнімділігі тұрғысынан ірі қара малдың генетикалық әлеуетін оңтайландыру үшін гендер мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуін түсінудің маңыздылығын атап өтті. Геномдық селекцияны тиісті сыртқы факторлармен біріктіру геномдық селекцияның барлық артықшылықтарын жүзеге асыру үшін өте маңызды болып келеді.

Ірі қара малдың ет өнімділігі белгілерінің генетикалық құрылымын ашудағы айтарлықтай жетістіктерге қарамастан, болашақ зерттеулер үшін бірнеше мәселелер мен бағыттар бар. Сандық белгілердің локустарын нақты карталау, бүкіл геномды секвенирлеу және функционалды геномика тәсілдері себептік генетикалық нұсқаларды анықтауға және олардың биологиялық механизмдерін түсінуде мәнді болып табылады. Сонымен қатар, өнімділігі жоғары генотиптеу және секвенирлеу платформалары сияқты геномдық технологияның жетістіктері қажетті белгілері бар малды іріктеудің тиімді стратегиясын таңдауға ықпал ететін, жоғары дәлдікпен геномдық болжау жасауға мүмкіндік берді.

Ет өнімділігі белгілерінің генетикалық құрылымын зерттеудегі қиындықтардың бірі – осы күрделі белгілерді фенотиптік бағалау. Қызығушылық тудыратын белгілерінің өзгергіштігі мен тұқым қуалаушылығы туралы толық ақпарат алу үшін нақты және стандартталған фенотиптік деректер қажет. Ғалымдардың, мал өсірушілер қауымдастықтарының және саланың басқа да мүдделі тараптарының бірлескен жұмысының арқасында фенотиптік деректерді ауқымды жинау және бөлісу өте маңызды, яғни бұл сенімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тағы бір өзекті мәселе – ауруға төзімділік, репродуктивті өнімділік және қоршаған ортаға бейімделу сияқты малды іріктеу мақсаттарымен геномдық сұрыптауды біріктіру. Селекциялық бағдарламалардағы көптеген маңызды белгілерді ұштастыру олардың арасындағы генетикалық корреляцияны мұқият қарастыруды қажет етеді. Бір уақытта көптеген белгілерді оңтайландыратын геномдық селекция стратегияларын енгізу осы мәселелерді шешуге және мал шаруашылығы жүйелерінің жалпы өнімділігі мен тұрақтылығын арттыруға көмектеседі.

Сонымен қатар, мал шаруашылығының генетикалық тұрғыдан жақсаруына байланысты этикалық түсініктерді ескеру қажет. Ауыл шаруашылығы малының саулығын қамтамасыз ету, генетикалық әртүрлілік және ұзақ мерзімді тұрақтылық ет өнімділігі көрсеткіштеріне бағытталған селекциялық бағдарламаларды іске асыру кезінде ескерілуі қажет маңызды факторлар болып табылады.

Қорытындылай келе, ірі қара малдың ет өнімділігі белгілерінің генетикалық құрылымын түсіну тиімді және тұрақты мал шаруашылығы үшін өте маңызды. Геномика, транскриптомика, протеомика және метаболомика тәсілдерін интеграциялау арқылы геномдық технологияның жетістіктерімен ғалымдар, мал өсірушілердің жалпы жұмысының арқасында еттің өнімділігін арттыру мақсатында дамытуға мүмкіндік бар. Геномдық селекцияны оңтайландырылған бағып-күту әдістерімен үйлестіре және селекцияның ауқымды мақсаттарын ескере отырып, мал шаруашылығы жүйелерінің саулығын мен тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, жоғары сапалы етке жаһандық сұранысты қанағаттандыру мүмкіндігі пайда болады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу нысаны «Адлет-Т» ЖШС, «Алабота Племязавод» ЖШС, «Шалабай» ЖШС-нің қазақтың ақбас тұқымының 790 бұқашықтары және «Москалевское» ЖШС-нен және «АФ Диевское» ЖШС-нен әуликөл тұқымының 497 бұқашықтары болды. Зерттеу материалы малдың қыл түбірінен алынған ДНҚ үлгілері болды. Малдың өнімділігі келесі зоотехникалық көрсеткіштер бойынша бағаланды: туылған кездегі тірі салмағы, 6 және 12 айдағы тірі салмағы, сондай-ақ орташа тәуліктік өсім.


ДНҚ бөлу және генотиптеу *Neogen Agrigenomics*-те (Линкольн, АҚШ) *GeneSeek* өндірушісі *GGP Bovine 150K (NEOGEN Corporation Company, АҚШ)* хаттамасына сәйкес жүргізілді. Бастапқы генотиптеу деректері *GenomeStudio* бағдарламалық құралында өңделді. Талдау мен алынған деректердің сапасын бақылау *Plink* бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүргізілді [8, 9]. Нәтижелерді өндегеннен кейін одан әрі талдау үшін қазақтың ақбас тұқымы үшін 85 533 SNP және әуликөл тұқымы үшін 88 855 SNP іріктелді. Зоотехникалық көрсеткіштері бар SNP ассоциацияларын іздеу *Plink* бағдарламасын, ассоциацияларды іздеуге мүмкіндік беретін скриптерді, атап айтқанда, сызықтық регрессияға тәуелділікті, сондай-ақ детерминация коэффициенттерін қолдана отырып жүргізілді.

Алынған полиморфты сайттар *SNPCimpV3* [10, 11] дерекқорын, *Ensembl* [12] және ірі қара малдың сандық белгілерінің локустарының *PANTHER pathway* дерекқорын [13] пайдалана отырып, референтті бір нуклеотидті полиморфизм (RS) идентификаторларымен салыстыра талданды. Онтогенездің әртүрлі кезеңдеріндегі тірі салмақтың гендік құрылымын талдау және орташа тәуліктік өсім, сонымен қатар *Ensembl* және *PANTHER pathway* дерекқорлары арқылы жүргізілді [12, 13].

Зерттелетін тұқымдардағы ет өнімділігінің белгілерімен, сондай-ақ олардың ақуыздық өнімдерінің молекулалық функцияларымен байланысты жоғары және шекаралық маңызды бір нуклеотидті полиморфизмдер бар гендермен басқарылатын биологиялық процестердің нәтижелері *Ensembl* [12], *PANTHER pathway* [13], *MGI-Mouse Genome Informatics* [14], *UniProtKB* [15], *KEGG: Kyoto Encyclopedia of Genes and Genomes* [16] және *Rat Genome Database – Medical College of Wisconsin* [17] бағдарламалардың көмегімен сипатталды.


**Нәтижелер мен талқылау.** Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша қазақтың ақбас тұқымының төлдерінде туған кездегі тірі салмақтың гендік құрылымы ADGRL2, ADAM22 және VT11A гендерінен, әуликөл тұқымында - INSR, OSBPL10, MAPK10, INSC, PLSCR2, HSP90AA1, SLC4A4, SCAF8, EPN2, ALDH5A1, PIGR, NIPAL1, WDR20, ADGB, WDR20 және CARD10 гендерінен тұратындығы анықталды. Қазақтың ақбас тұқымының 6 айдағы тірі салмағының гендік құрылымы ABLIM1, RORA, INPP1, TCF20, ENSBTAG00000051006, COL13A, KCNP4, GABRR3, PAX7, TG гендерінен, ал әуликөл тұқымында – ENSBTAG00000032603, ATP13A1, DLGAP1, TRHDE, EIF5B, MCTP2, AFF3,

CLEC16A гендерінен тұратыны анықталды. Әуликөл тұқымында 12 айдағы тірі салмағының жалғыз SP4 (transcription factor) кандидат-гені табылды. Қазақтың ақбас тұқымының орташа тәуліктік салмақ өсімінің генетикалық құрылымы келесідей гендермен анықталады: MYOCD, MYO1E, SEMA6D, FRK, SKI, DNAJC24, IL2RA, STK4, HERC3, MARCHF3, SLC1A2, NUBPL, ST3GAL3, UBE2R2, DPP6, PWWP2A, OR7E200, CNOT2, MTMR9, SPAG17, AP1S3, BAR/IMD, ELP4, ADGRF2, BAALC, EDIL3, FAM13A, LDLRAD3, PDHX.



**1-сурет – Қазақтың ақбас және әуликөл ірі қара мал тұқымдарының 6 айдағы тірі салмағы және орташа тәуліктік салмақ өсімі бар кандидат-гендермен әрекеттесе алатын биологиялық процестерін бөлу**

Тірі салмақтың кандидат-гендері онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде қатысатын биологиялық процестердің құрылымы және екі тұқымның орташа тәуліктік өсімі 1-суреттің диаграммасында көрсетілген.



**2-сурет – Қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарында 6 айдағы және орташа тәуліктік өсім кезінде тірі салмақтағы кандидат-гендермен кодталған ақуыздардың молекулалық функцияларын бөлу**

Туылған кездегі тірі салмағының кандидат-гендерімен бақыланатын биологиялық процесстердің ішінде қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарында тиісінше жасушалық процесстер (25,0% және 28,5%), биологиялық реттеу процесстері (12,50% және 21,43%), жасушаларды оқшаулау процесстері (12,50% және 17,86%), даму процесстері (12,5% және 10,71%) және сигналинг (12,5% және 10,71%) басым болды. 6 айдағы тірі салмақтың кандидат-гендері көбінесе жасушалық процесстерге – 31,8% және 26,32% (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарында), биологиялық реттеу процесстеріне – 27,3% және 26,32% және жалпы метаболизмге – 22,7% және 15,79% қатысады.

Аз дәрежеде олар мультижасушалы процестерге – 4,5% және 5,26%, стимуляцияға жауап беру процестерінде – 4,5% және 5,26% және сигналинг процестеріне – 4,5% және 10,53% қатысады. Әуликөл тұқымындағы тірі салмақтың кандидат-гені SP4 (Sp4 transcription factor) транскрипция факторы болып табылады және тінге тән гендердің экспрессиясын реттеуге қатысады. Қазақтың ақбас тұқымындағы орташа тәуліктік өсімге кандидат-гендермен жанама болатын биологиялық процестердің көп үлесін жасушалық процестер (32,14%), содан кейін метаболизмдық процестер (16,07%), биологиялық реттеу процестері (14,29%), оқшаулау процестері (7,14%), стимуляцияға жауап беру (8,93%) және сигналинг (7,14%) құрайды. Кандидат-гендердің даму процестеріне (5,36%) және мультижасушалы процестерге қатысуы аз дәрежеде байқалады. Тірі салмақ гендерінен айырмашылығы, орташа тәуліктік өсу гендері тұраралық өзара әрекеттесу (1,79%), өсу (1,79%), иммунитет (1,79%) және қозғалыс процестеріне де қатысады.

Тірі салмақ және орташа тәуліктік өсімнің кандидат-гендерімен кодталған ақуыздар орындайтын молекулалық функциялардың таралуы 2-суреттегі диаграммада көрсетілген. Қазақтың ақбас тұқымындағы туылған кездегі тірі салмағының кандидат-гендермен кодталған ақуыздардың негізгі молекулалық функциялары молекулаларды байланыстыру, бейімдеу және түрлендіру болып табылады. Әуликөл тұқымында байланыстыру (37,5%), катализ (18,75%) және тасымалдау (18,75%) болды. Әуликөл тұқымындағы туылған кездегі тірі салмағының аз дәрежеде ақуыз өнімдерінің кандидат-гендері молекулаларды жаңғырту (18,75%), сондай-ақ молекулаларды бейімдеу және олардың функцияларын реттеу (тиісінше 6,25%) қызметін орындайды. 6 айдағы тірі салмағының кандидат-гендері ақуыздарының молекулалық функцияларының ішінде үлкен үлес байланыстыру функциясына (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдары үшін 71,43% және 40,0%), катализге (14,29% және 20,0%) және тасымалдау функциясына (19,29% және 10,0%) тиесілі. Әуликөл тұқымында анықталған 12 айдағы тірі салмағының жалғыз кандидат-генімен кодталған SP4 ақуызы молекулалық функциялардың 2 түрін орындайды: транскрипцияны реттеу және байланыстыру.

Қазақтың ақбас тұқымындағы орташа тәуліктік өсімнің кандидат-гендерімен кодталған ақуыздардың молекулалық функциялары байланыстыру (34,7%) және катализ (34,7%) болып табылады. Көбінесе олар реттеу, басқа молекулаларды жаңғырту, транскрипцияны реттеу және жасуша қаңқасының қозғалыс белсенділігі қызметін атқарады. Әуликөл тұқымында орташа тәуліктік өсім үшін маңыздылығы жоғары және шекаралық деңгейдегі SNP бар кандидат-гендер табылған жоқ.

**Қорытынды.** Қазақтың ақбас ірі мал тұқымының бұзауларында туылған кездегі тірі салмағының гендік құрылымы ADGRL2, ADAM22 және VTI1A гендерінен, әуликөл тұқымында – INSR, OSBPL10, MAPK10, INSC, PLSCR2, HSP90AA1, SLC4A4, SCAF8, EPN2, ALDH5A1, PIGR, NIPAL1, WDR20, ADGB, WDR20 және CARD10 гендерінен тұрады.

Олар арқылы жүретін биологиялық процестердің ішінде жасушалық процестер басым (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарында 25,0 және 28,5%); биологиялық реттеу процестері (12,50% және 21,43%), жасушаларды оқшаулау процестері (12,50% және 17,86%), даму процестері (12,5% және 10,71%) және сигналинг (12,5% және 10,71%).

Қазақтың ақбас тұқымындағы туылған кездегі тірі салмағының кандидат-гендерімен кодталған ақуыздардың негізгі молекулалық функциялары молекулаларды байланыстыру, бейімдеу және жаңғырту болып табылады. Әуликөл тұқымында – байланыстыру (37,5%), катализ (18,75%) және тасымалдау (18,75%) болды. 6 айда тірі салмақтың гендік құрылымы қазақтың ақбас тұқымында ABLIM1, RORA, INPP1, TCF20, ENSBTAG00000051006, COL13A, KCNIP4, GABRR3, PAX7, TG гендерінен, әуликөл тұқымында – ENSBTAG00000032603, ATR13A1, DLGAP1, TRHDE, EIF5B, MCTP2, AFF3, и CLEC16A гендерінен тұрады. Екі тұқымда да 6 айдағы тірі салмақтың кандидат-гендері жасушалық процестерге (31,8% және 26,32%), биологиялық реттеу процестеріне (27,3%



және 26,32%) және жалпы метаболизмге (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдарында 22,7% және 15,79%) қатысады. Олардың ақуыздарының молекулалық функцияларының ішінде үлкен үлес байланыстыру функциясына (тиісінше қазақтың ақбас және әуликөл тұқымдары үшін 71,43% және 40,0%), катализге (14,29 және 20,0%) және тасымалдау функциясына (19,29% және 10,0%) тиесілі болды.

Әуликөл тұқымындағы тірі салмақтың жалғыз кандидат-гені транскрипция факторы болып табылады және тінге тән гендердің экспрессиясын реттеуге қатысады. Оның ақуызы молекулалық функциялардың 2 түрін орындайды: транскрипцияны реттеу және байланыстыру.

Қазақтың ақбас тұқымындағы орташа тәуліктік өсімнің гендік құрылымы MYOCD, MYO1E, SEMA6D, FRK, SKI, DNAJC24, IL2RA, STK4, HERC3, MARCHF3, SLC1A2, NUBPL, ST3GAL3, UBE2R2, DPP6, PWWP2A, OR7E200, CNOT2, MTMR9, SPAG17, AP1S3, BAR/IMD, ELP4, ADGRF2, BAALC, EDIL3, FAM13A, LDLRAD3, PDHX гендерінен тұратыны анықталды. Қосалқы процестердің көп бөлігі жасушалық процестерге (32,14%), содан кейін метаболизмдық процестерге (16,07%), биологиялық реттеу процестеріне (14,29%), локализация процестеріне (7,14%), стимуляцияға жауап беру (8,93%) және сигналинг (7,14%) келеді. Орташа тәуліктік өсімге кандидат-гендермен кодталған ақуыздардың негізгі молекулалық функциялары байланыстыру (34,7%) және катализ (34,7%) болып табылады.

**Қаржыландыру.** Жұмыс Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігінің 2021-2023 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми-техникалық бағдарламасы (BR10764981 «Етті мал шаруашылығындағы генетикалық ресурстарды сақтау мен жетілдірудің селекциялық процесін тиімді басқарудың технологияларын әзірлеу»; мемлекеттік тіркеу нөмірі 0121PK00759) аясында жүзеге асырылды.

#### Әдебиеттер:

[1] **Crispim, A.C.** Multi-Trait GWAS and New Candidate Genes Annotation for Growth Curve Parameters in Brahman Cattle [Текст] / A.C. Crispim, M.J. Kelly, S.E.F. Guimarães, F.F. e Silva, M.R.S. Fortes, R.R. Wenceslau, S. Moore // PLoS ONE, – 2015. – V. 10(10). – P. 1-19. <https://doi.org/10.1371/journal.pone.0139906>.

[2] **Mcpherron, A.C.** Double muscling in cattle due to mutations in the myostatin gene [Текст] / A.C. Mcpherron, S.J. Lee // Proceedings of the National Academy of Sciences of the United States of America, – 1997. – V. 94 (23). – pp. 12457–12461.

[3] **Aiello, D.** The myostatin gene: an overview of mechanisms of action and its relevance to livestock animals [Текст] / D. Aiello, K. Patel, E. Lasagna // Animal Genetics, – 2018. – V. 49. – pp. 505-519.

